# Екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру кағидаларын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 26 ақпандағы № 29 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 12 сәуірде № 9322 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 188 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 12.11.2019 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

Нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

4. Екінші деңгейдегі банктер 2015 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде өз қызметін осы қаулының талаптарына сәйкес келтірсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы Қ. Келімбетов

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2014 жылғы 26 ақпандағы
№ 29 қаулысымен
бекітілді

# Екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары

Осы Екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар), "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31

тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – банк) үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру тәртібін белгілейді.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Директорлар кеңесі, банк басқармасы тарапынан банктің қызметін және оның қаржылық жағдайын тиімді бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін банктерде тәуекелдерді басқару жүйелерінің, ішкі бақылауын қалыптастыруға қойылатын талаптарды, оның ішінде мыналарды:

корпоративтік басқарудың тиісті практикасын және тиісті іскерлік этикасы мен мәдениет деңгейін;

банктің және оның қызметкерлерінің заңнаманың және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындауын;

банктің және оның қызметкерлерінің банк саясатының және өзге де ішкі құжаттарының талаптарын орындауын;

банк капиталының банктің қабылдайтын тәуекелдері деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз етуі үшін банктің тәуекелдерін уақтылы анықтау, өлшеу, бақылау және оларға мониторинг жасау арқылы оларды тиімді басқаруды;

банктің және оның қызметкерлерінің қызметінен кемшіліктерді уақтылы анықтау мен жоюды;

банкте кездейсоқ немесе төтенше жағдайларды шешу үшін барабар механизмдерді құруды қамтамасыз ету жолымен белгілеу Қағидалардың мақсаты болып табылады.

2. Банктер тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30 күнінен кешіктірмей, ұсынылып отырған деректердің конфиденциалдылығын және түзетілмеуін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпаратты кепілдікпен жеткізудің тасымалдау жүйесін пайдалана отырып, Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша 100 000 (жүз мың) теңге және одан асатын мөлшердегі шығындарды туғызған операциялық тәуекел оқиғаларының мониторингі туралы есепті уәкілетті органға ұсынады.

3. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі – банк қызметкерлерінің және (немесе) үшінші тұлғалардың тарапынан қасақана бүлдіргіш ықпал етуі салдарынан туындаған банктің ақпараттық активтері тұтастығының, құпиялылығының және қол жетімділігінің бұзылуы салдарынан зиян туындау ықтималдығы;

2) ақпараттық технологиялар тәуекелі – банктің ақпараттық технологияларды әзірлеу мен пайдалануға байланысты процестерді қанағаттанарлықсыз құру салдарынан зиян туындау ықтималдығы;

3) ауыртпалық түспеген активтер – банктің өтімділіктегі мұқтаждығын қанағаттандыру мақсатында қажет болған кезде пайдалану үшін құқықтық, реттеуіш немесе техникалық кедергілері (шектеулері) жоқ банк активтері;

4) баға тәуекелі – қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнындағы жағымсыз өзгерістер салдарынан қаржылай залалдардың туындау ықтималдығы;

5) бақылау функциялары – банктің құрылымдық бөлімшелері тәуелсіз тексерулерді және ішкі бақылау жүйесінің, тәуекелдерді басқару, ақпараттық қауіпсіздік, бухгалтерлік есеп пен есептілік дәйектілігі жүйелерінің тиімділігіне бағалауды жүргізу бойынша жүзеге асыратын функциялар және банктің ішкі құжаттарына сәйкес бірқатар басқа да бақылау функциялары;

6) беделді жоғалту тәуекелі – қоғамда банктің қаржылық сенімділігі, көрсетілетін қызметтердің сапасы немесе жалпы банк қызметінің сипаты туралы жағымсыз пікір қалыптасуы салдарынан клиенттік базаның тарылуы, өзге де даму көрсеткіштерінің төмендеуі нәтижесінде залалдардың туындау, жоспарланған кірістердің алынбау ықтималдығы;

7) бэк-тестинг – банк операциялары бойынша тарихи деректерді пайдалана отырып және есептеу нәтижелерін көрсетілген операцияларды жасаудан болған накты нәтижелермен салыстыра отырып тәуекелдерді өлшеу рәсімдерінің тиімділігін тексеру әдісі;

8) валюта тәуекелі – банк өз қызметін жүзеге асырған кезде шетел валюталары бағамдарының жағымсыз өзгерістері салдарынан қаржылай шығындардың туындау ықтималдығы;

9) ГЭП-талдау – пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісіне ұшыраған немесе белгілі бір мерзім ішінде өтеуге жататын банктің активтері мен міндеттемелерінің көлемін салыстыруға негізделген, банк пайыздық тәуекелді және өтімділік тәуекелін өлшейтін әдіс;

10) заңдық тәуекел – мыналардың: банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының, ал Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен қатынастарда – басқа мемлекеттердің қолданылатын заңнамасының талаптарын сақтамауы; банктің жасасқан шарттардың талаптарын сақтамауы; қызметін жүзеге асыру кезінде құқықтық қателер жіберу (дұрыс емес заңдық консультациялар немесе сот органдарында даулы мәселелерді қарау кезінде құжаттарды дұрыс жасамау); жетілмеген құқықтық жүйе (заңнама қайшылығы, банк қызметінің барысында туындайтын жекелеген мәселелерді реттеу бойынша құқықтық нормалардың болмауы); қарсы агенттердің нормативтік құқықтық актілердің талаптарын, сондай-ақ жасалған шарттардың талаптарын бұзуы салдарынан залалдардың туындау ықтималдығы;

11) комплаенс-тәуекел – банктің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органның нормативтік құқықтық

актілерінің, банктің қызмет көрсету және қаржы нарығында операциялар жүргізу тәртібін реттейтін банктің ішкі құжаттарының, сондай-ақ банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамасының талаптарын орындамау салдарынан залалдардың туындау ықтималдығы;

12) кредиттік тәуекел – қарыз алушының немесе қарсы агенттің жазылған талаптарға сәйкес өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан туындайтын залалдардың туындау ықтималдығы;

13) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті – қаржы мониторингін жүзеге асыратын және "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша өзге де шараларды қабылдайтын мемлекеттік орган (бұдан әрі – ҚМК);

14) мүдделер қақтығысы – банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) оның қызметкерлерінің жеке мүдделілігі мен олардың өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындауы немесе банктің және (немесе) оның қызметкерлерінің және (немесе) клиенттерінің мүліктік және өзге де мүдделері арасында банк және (немесе) оның клиенттері үшін жағымсыз салдарға әкеп соқтыруы мүмкін қарама-қайшылық туындайтын жағдай;

15) нарықтық тәуекел – нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталары бағамдарының, қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнының жағымсыз өзгерістерімен негізделген баланстық және баланстан тыс баптар бойынша қаржылай залалдардың туындау ықтималдығы;

16) операциялық тәуекел – барабар емес немесе жеткіліксіз ішкі процестер, адам ресурстары және жүйелері немесе сыртқы оқиғалар нәтижесінде залалдардың туындау ықтималдығы, оның ішінде заңдық тәуекелді ( стратегиялық және беделді жоғалту тәуекелін қоспағанда) және мынадай тәуекелдерді қоса алғанда:

жауапкершілікті бөлуді, есеп беру мен басқарудың құрылымын қоса алғанда, банктің белгісіз, барабар емес ұйымдық құрылымымен байланысты тәуекел;

ақпарат технологиясы саласындағы барабар емес стратегиялардан, саясаттардан және (немесе) стандарттардан, бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланудағы кемшіліктерден туындайтын тәуекел;

барабар емес ақпаратқа не оны тиісті пайдаланбауға байланысты тәуекел;

қызметкерді тиісті түрде басқармауға және (немесе) банктің біліксіз қызметкерлеріне байланысты тәуекел;

бизнес-процестің барабар емес құрылуына не ішкі құжаттар мен ережелердің сақталуын нашар бақылауға байланысты тәуекел;

банк операциясына сыртқы ықпал етудің көзделмеген немесе бақыланбайтын факторларына байланысты туындаған тәуекел;

банктің ішкі құжаттарының заңнама талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты тәуекел;

банк қызметкерлерінің банк қызметіне жағымсыз әсер етуі мүмкін іс-әрекеттеріне, алаяқтыққа байланысты тәуекел;

жағымсыз іскерлік беделі бар тұлғаларға банктік қызмет көрсетуден, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қаржы құралдары немесе қаржы активтері болып табылмайтын және кімнен болмасын талап ету құқығы жоқ криптография және (немесе) компьютерлік есептеу құралдарын қолдана отырып орталықтандырылмаған ақпараттық жүйеде құрылатын және есепке алынатын шамалармен байланысты операцияларды қоса алғанда, банктің қызметіне теріс әсер етуі мүмкін операцияларды, оның ішінде төлемдер және ақша аударымдарын жүргізуден туындаған тәуекел;

17) өтімділік тәуекелі – банктің өз міндеттемелерін елеулі шығындарсыз белгіленген мерзімде орындауға қабілетсіздігі нәтижесінде залалдардың туындау ықтималдығы;

18) пайыздық тәуекел – активтер, пассивтер мен баланстан тыс құралдар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің жағымсыз өзгерістері салдарынан қаржылай залалдардың туындау ықтималдығы;

19) салыстырмалы талдау – тәуекелдерді бағалаудың түрлі құралдарын қолдану нәтижелерін салыстыру, бұл олардың тиімділігін бағалауға және банктің өзінің тәуекелге ұшырау деңгейі туралы толық түсінік алуына мүмкіндік береді;

20) саясат – банктің тиімді жұмыс істеуін және оның қызметінің стратегияға және тәуекелдің жол берілетін деңгейіне сәйкес келуін қамтамасыз ететін қажетті критерийлерді, өлшемдерді, тәсілдерді, қағидаттарды, стандарттарды, рәсімдер мен механизмдерді айқындайтын саясатты және (немесе) өзге де ішкі құжаттарды қамтитын ішкі құжаттар жиынтығы;

21) стратегиялық тәуекел – банктің қызметі мен дамуының стратегиясын ( стратегиялық басқару) айқындайтын және банктің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал қауіптерді есепке алмаумен немесе жеткілікті түрде есепке алмаумен көрінетін шешімдерді қабылдау, банк бәсекелестер алдында басымдыққа жетуі мүмкін қызметтің перспективалық бағыттарын дұрыс емес немесе жеткіліксіз түрде негізді айқындау, банк қызметінің мақсаттарына жетуді қамтамасыз етуге тиіс қажетті ресурстар (қаржылай, материалды-техникалық, адам) мен ұйымдастыру шараларының (басқару шешімдерін) болмау немесе толық көлемде қамтамасыз етілмеу кезінде жіберілген қателер (кемшіліктер) нәтижесінде залалдардың туындау, жоспарланған кірістердің алынбау ықтималдығы;

22) стресс-тестілеу – ерекше, бірақ ықтимал оқиғалардың банктің қаржылық жағдайына әлеуетті әсерін бағалау әдісі;

23) сценарлық талдау – құрылымдық бөлімшелер тәуекелдерді басқару бөлімшесімен бірлесе отырып жүзеге асыратын, тәуекелдің әлеуетті оқиғаларын анықтауға және олар басталған жағдайда олардың банк қызметіне әлеуетті әсерін бағалауға мүмкіндік беретін процесс;

24) тәуекел – күтілетін немесе кездейсоқ оқиғалар банкке, оның капиталына немесе кірістеріне жағымсыз әсер етуі мүмкін ықтималдық;

25) тәуекелдерді өзіндік бағалау – банк ол арқылы банктің процестеріне тән тәуекелдерді анықтайтын және бағалайтын, анықталған тәуекелдерді бақылаудың тиімділігін бағалайтын және қалдық тәуекелдің деңгейін айқындайтын құрал;

26) тәуекелдер картасы – әлсіз жақтарын анықтау және тәуекелдерді басқару жөніндегі одан кейінгі іс-әрекеттерді басымдылығы бойынша саралау үшін әр түрлі бизнес-процестерге және (немесе) банктің құрылымдық бөлімшелеріне тән тәуекелдердің түрі мен деңгейінің сипаттамасы;

27) тәуекелдің жол берілетін деңгейі – банк қызмет түрлерінің стратегиясына, сипатына, ауқымына және күрделілігіне, сондай-ақ қаржылық жағдайына қарай өзінің қаржылық сенімділігін және ұзақ мерзімді жұмысын қамтамасыз етуге өзі үшін жол берілетін (қолайлы, қауіпсіз) ретінде айқындайтын тәуекел деңгейі ( шамасы);

28) тәуекелдің негізгі индикаторлары – банктің тәуекелге ұшырау дәрежесін сипаттайтын және олардың негізінде банктің тәуекелдің күрделі деңгейіне жақындау дәрежесі анықталатын және тәуекелді азайту бойынша шаралар қабылданатын сандық көрсеткіштер;

29) тәуекел-профиль – тәуекел көрсеткіштерінің және банктің әр түрлі тәуекелдер түрлеріне ұшырау дәрежесін сипаттайтын өзге де мәліметтердің жиынтығы;

30) уәкілетті алқалы орган (бұдан әрі – УАО) – директорлар кеңесі жанындағы комитет, басқарма, басқарма жанындағы комитет, Қағидалардың талаптарына сәйкес банктің директорлар кеңесінің міндеттерін орындауға жәрдем көрсетуге жауапты, өз қызметін банктің директорлар кеңесі бекіткен ереже немесе банктің өзге де ішкі құжат негізінде жүзеге асыратын уәкілетті адамдар тобы;

31) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

32) ұйымдастыру құрылымы – банктің басқару органдарының, басшы қызметкерлерінің және құрылымдық бөлімшелерінің сандық құрамы мен

жүйесін белгілейтін, олардың өз арасында бағыну, есеп беру құрылымын және өзара іс-әрекет жасау тәртібін схемалық түрде көрсететін ішкі құжат және ( немесе) ішкі құжаттар жиынтығы.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## 2-тарау. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру

4. Банктің директорлар кеңесі жүктелген міндеттерін тиімді орындау мақсатында УАО арқылы тәуекелдерді басқару, аудит, заңнаманың және банктің ішкі құжаттарының талаптарын сақтау мәселелеріне мониторинг және бақылау жасауды жүзеге асырады.

5. Банктің директорлар кеңесі Қағидалардың талаптарын іске асыру мақсаттары үшін банктің директорлар кеңесі қызметінің мөлшеріне, сипатына және күрделілік деңгейіне, ұйымдастыру құрылымына, тәуекелдер профиліне және мүшелерінің санына қарай сандық құрылымы бойынша ерекшеленуі мүмкін әр түрлі мәселелер бойынша бір және (немесе) бірнеше УАО құру туралы шешім қабылдайды.

6. Банктің директорлар кеңесі УАО құру кезінде мүдделер қақтығысын болдырмайды.

7. Тәуекелдерді басқару жүйесі банк өзінің қаржылық тұрақтылығын, және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін банктің тәуекелдерін уақтылы анықтау, өлшеу, оларға бақылау мен мониторинг жасау мақсатында қабылдаған ұйымдастыру, саясат, рәсімдер мен әдістер жүйесін білдіреді.

8. Ішкі бақылау жүйесі банк мыналарды:

банктік тәуекелдерді, активтер мен пассивтерді басқарудың тиімділігін, активтердің сақталуын қамтамасыз етуді қоса алғанда, банк қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету;

ішкі және сыртқы пайдаланушылар, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік үшін қаржылық, реттеуіш және басқа да есептіліктің толық, дәйекті және уақтылы болуын қамтамасыз ету;

банктің заңнамалық және реттеуіш талаптарды, банктің ішкі құжаттарының талаптарын орындауын қамтамасыз ету;

банкті және оның қызметкерлерін құқыққа қайшы қызметті жүзеге асыруға, оның ішінде алаяқтық, қателіктер, дәлсіздіктер жасауға, алдауға, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға тартуға, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына

сәйкес қаржы құралдары немесе қаржы активтері болып табылмайтын және кімнен болмасын талап ету құқығы жоқ криптография және (немесе) компьютерлік есептеу құралдарын қолдана отырып орталықтандырылмаған ақпараттық жүйеде құрылатын және есепке алынатын шамалармен байланысты операцияларды Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруға жол бермеу үшін қабылдаған ұйымдастыру, саясат, рәсімдер мен әдістер жүйесін білдіреді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Ішкі аудит жүйесі банк қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету және оны жақсарту бойынша пәрменді ұсынымдар беру мақсатында банк қызметінің барлық аспектілері бойынша ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің жұмыс істеу тиімділігін тексеру және объективті бағалау үшін банк қабылдаған ұйымдастыру, саясат, рәсімдер мен әдістер жүйесін білдіреді.

10. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыру банк қызметінің, оның басқару органдарының және қызметкерлерінің Қағидалардың 2 -қосымшасында көрсетілген ең төмен талаптарға сәйкес келуімен қамтамасыз етіледі.

11. Банктің қызметінде тәуекелдің басқа түрлері болған кезде банктің банктің директорлар кеңесі тәуекелдердің осы түрлерін басқару жөніндегі саясатты бекітеді, банктің Басқармасы саясатқа қатысты тиісті рәсімдер мен процестерді әзірлеу жолымен саясатты ендіруді қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді анықтау, өлшеу, оларға мониторинг және бақылау жасау сияқты ең төменгі талаптар тәуекелдердің басқа түрлеріне де қолданылады.

Екінші деңгейдегі банктерге
арналған тәуекелдерді басқару
және ішкі бақылау жүйесін
қалыптастыру қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

**Әкімшілік деректерді жинақтауға арналған нысан**

______________________________________________________________________
__

20__жылғы "___" _______________ _____________________________________
__

100 000 (бір жүз мың) теңге және одан асатын мөлшерде шығындар келтірген операциялық тәуекел оқиғаларына мониторинг жүргізу туралы есеп

Есепті кезең: 20__жылғы "___" _______________ жағдай бойынша

Индекс: 1-RISK

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатындар: екінші деңгейдегі банктер

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк)

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30-нан кешіктірмей

Нысан

| р/с № | Шығынға ұшыратуға әкелген операциялық тәуекел оқиғасының сипаты (шығындардың себептері) | Операциялық тәуекел оқиғаларын іске асыру салдарының нысаны және мөлшері (теңгемен) | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген негіздер бойынша салынған және өндіріп алынған айыппұлдар | сот шығасылары, соттың шешімі бойынша өндіріп алулар | банк қызметкерлеріне соттан тыс өтемақылар | банк клиенттеріне соттан тыс өтемақылар | Банктің материалдық активтерін мерзімінен бұрын есептен шығару | операциялық тәуекелді іске асыру салдарын жоюға кеткен шығындар | резе ор толт өзге |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1 | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | | |
| 4 | | | | | | | | |
| 5 | | | | | | | | |
| … | | | | | | | | |

Банктің операциялық тәуекелін басқару бөлімшесінің басшысы _____________ _________________________ _________ _________

(тегі, аты, болса – әкесінің аты) (қолы) (күні)

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме осы нысанға қосымшада берілген

Екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру қағидаларына 2-қосымша

## Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыруға қойылатын ең аз талаптар

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014.08.27 № 168 (2015.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді –

29.10.2018 № 267 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

| Р / с № | Талап | Талапты іске асыруға жауапты және оған қатысатын адамдар құрамы | Талапты іске асыру рәсімдері | Талапты іске асыру нысаны | Талап асыру |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. Директорлар кеңесі | | | | | |
| 1.1 | Банктің директорлар кеңесі банк қызметін ұйымдастыру және оны бақылауды жүзеге асыру, банкте тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудиттің тиімді жүйелерін құру және оның жұмыс істеу мақсатында банктің органдары мен лауазымды тұлғаларының банктің ішкі құжаттарын бекіту бойынша құзыретін айқындайтын ішкі құжатты бекітеді. Банктің директорлар кеңесінің банктің ішкі құжаттарын бекіту бойынша ерекше құзыреті мыналар болып табылады: банктің ұйымдық құрылымын бекіту; банктің стратегиясын, оның ішінде банк тәуекелінің шекті деңгейін бекіту; банктің саясаттарын бекіту ; стресс-тестілеу сценарийлерін бекіту; кездейсоқ жағдайларға арналған қаржыландыру жоспарын бекіту; үздіксіз қызметті қамтамасыз ету жоспарын (жоспарларын) бекіту; банктің басшы қызметкерлеріне және банктің директорлар кеңесіне тікелей есеп беретін банк | Банктің директорлар кеңесі, УАО | Банктің директорлар кеңесі УАО-ны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес банктің органдары мен лауазымды тұлғаларының банктің ішкі құжаттарын бекіту бойынша құзыретін айқындайтын ішкі құжатты әзірлеуге жауапты етіп белгілейді.<br>Ішкі құжаттың жобасын қарау нәтижелері бойынша директорлар кеңесінің Хаттамасы/Шешімі ресімделеді. | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметкерлеріне сыйақылар төлеу тәртібін айқындайтын ішкі құжатты бекіту. | | | | |
| 1.2 | Банктің директорлар кеңесі банк жарғысының болуын және оның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін, сондай-ақ жарғыны өзекті жағдайда ұстауды қамтамасыз етеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны банк жарғысының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келу мәніне мониторинг және бақылау жасауға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) банктің директорлар кеңесі банк жарғысының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келуіне мониторинг жасау қорытындылары бойынша УАО-ның есебін тыңдайды және қажет болған кезде УАО-ға банк жарғысына өзгерістер мен толықтырулардың жобасын дайындауды тапсырады. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | Банктің директорлар кеңесі ұйымдық құрылымның банк қызметінің мөлшеріне, құрылымына, сипатына | Банктің | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны ұйымдық құрылымның жобасын әзірлеуге және ұйымдық құрылымның ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдер профиліне және банктің қаржылық әлеуетіне, сондай-ақ Қағидаларға сәйкес келу мониторингіне жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) ұйымдық құрылымның жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 3) банктің директорлар кеңесі мониторинг қорытындылары бойынша УАО-ның есебін тыңдайды және қажет болған кезде УАО-ға ұйымдық | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.3 | және күрделілік деңгейіне сәйкес келуін қамтамасыз етеді. | директорлар кеңесі, УАО | құрылымға өзгерістер мен толықтырулардың жобасын дайындауды тапсырады. | | жылы<br>кем ем |
| 1.4 | Банктің директорлар кеңесі банктің стратегиясын бекітеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны банк стратегиясының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ Банктің директорлар кеңесінің хаттамасы/ шешімі | - |
| | | | 2) стратегияның жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | страт<br>әзірле<br>кезең<br>алдын<br>жылғ<br>қазан<br>кешік |
| 1.5 | Банктің директорлар кеңесі стратегияны бекіту шеңберінде тәуекелдердің шекті деңгейлерін белгілейді және бекітеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны банк тәуекелдерінің шекті деңгейлерін айқындау мен есептеу әдістемесінің жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ Банктің директорлар кеңесінің хаттамасы/ шешімі | - |
| | | | 2) тәуекелдердің шекті деңгейлерін айқындау мен есептеу әдістемесінің жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | страт<br>әзірле<br>кезең<br>алдын<br>жылд<br>қазан<br>кешік |
| | | | 3) банктің директорлар кеңесі тәуекелдердің шекті деңгейлерін есептеу нәтижелері және оларды банк тәуекелдерінің ағымдағы деңгейімен | | страт<br>әзірле<br>кезең<br>алдын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | салыстыру туралы есеп алады. Есепті қарау қорытындылары бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | жылд қазан кешікт |
| 1.6 | Банктің директорлар кеңесі стратегияның орындалу мониторингін және банк стратегиясының ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдер профиліне және қаржылық әлеуетіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуін бағалауды жүзеге асырады . | Директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны банк стратегиясының орындалу мониторингіне және банк стратегиясының ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдер профиліне және қаржылық әлеуетіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкескелуін бағалауға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) мониторинг пен бағалау нәтижелері бойынша УАО-ның есебін тыңдайды, сәйкессіздіктер анықталған кезде УАО-ға банктің стратегиясына тиісті өзгерістер мен толықтырулардың жобасын дайындауды тапсырады. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | жарты реттен |
| 1.7 | Банктің директорлар кеңесі банктің тиісті жылға бюджетін бекітеді және оның орындалуына бақылау жасайды. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: тиісті жылға бюджет жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; бар болса жоспарлы және нақты көрсеткіштер арасындағы айырмашылықтар туралы түсіндірмелер қамтылатын бюджеттің орындалуы туралы есептерді дайындауға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) бюджет жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің бюджетін бекіту туралы шешім қамтылатын банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | бюдж әзірле жылд алдын жылғ желто кешікт |
| | | | 3) есепті қарау қорытындылары бойынша | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | тоқсан реттен |
| 1.8 | Банктің директорлар кеңесі кадр саясатын бекітеді және оның банктің стратегиясына, ұйымдық құрылымына, тәуекелдер профиліне, қол жеткізген нәтижелеріне және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: банктің кадр саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; банктің кадр саясатының банктің стратегиясына, ұйымдық құрылымына, тәуекелдер профиліне, қол жеткізген нәтижелеріне және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келу мониторингіне жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) кадр саясатының жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 3) мониторинг қорытындылары бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | жарты реттен |
| 1.9 | Банктің директорлар кеңесі есеп саясатын бекітеді | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: есеп саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; банктің және оның қызметкерлерінің есеп саясатын орындауына мониторинг және бақылау жасауға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) есеп саясатының жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 3) мониторинг және бақылау қорытындылары бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | тоқсан реттен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.10 | Банктің директорлар кеңесі тариф саясатын бекітеді | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: тариф саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; банктің және оның қызметкерлерінің тариф саясатын орындауына мониторинг және бақылау жасауға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) тариф саясатының жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 3) мониторинг пен бақылау қорытындылары бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | тоқсан реттен |
| 1.11 | Банктің директорлар кеңесі кредиттік саясатын бекітеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: кредиттік саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; банктің және оның қызметкерлерінің кредит саясатын орындауына мониторинг және бақылау жасауға, сондай-ақ банктің кредиттік портфелінің сапасына талдау жүргізуге жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) кредиттік саясатының жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 3) банктің және оның қызметкерлерінің кредиттік саясатын орындауына мониторинг және бақылау жасау, сондай-ақ банктің кредиттік портфелінің сапасын талдау қорытындылары бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | тоқсан реттен |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.12 | Банктің директорлар кеңесі банктің меншікті капиталының бес пайызынан асатын қарыздарды беру лайықтығына талдау жасау мен бағалауды жүзеге асырады. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны банктің меншікті капиталының бес пайызынан асатын қарыздарды банктің беруінің мақсатқа лайықтығына алдын ала талдау жасау мен бағалауға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) УАО-ның ақпаратын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| 1.13 | Банктің директорлар кеңесі өтімділік тәуекелін басқару саясатын бекітеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: өтімділік тәуекелін басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; банктің және оның қызметкерлерінің өтімділік тәуекелін басқару саясатын орындауына мониторинг және бақылау жасауға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) өтімділік тәуекелін басқару саясатының жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 3) мониторинг пен бақылау қорытындылары бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | тоқса<br>реттен |
| 1.14 | | Банктің директорлар | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: нарықтық тәуекелді басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; банктің және оның қызметкерлерінің нарықтық тәуекелді басқару саясатын орындауына мониторинг және бақылау жасауға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Банктің директорлар кеңесі нарықтық тәуекелді басқару саясатын бекітеді. | кеңесі, УАО | 2) нарықтық тәуекелді басқару саясатының жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 3) мониторинг пен бақылау қорытындылары бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | тоқса реттен |
| 1.15 | Банктің директорлар кеңесі капиталды басқару саясатын бекітеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: капиталды басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға;<br>банктің және оның қызметкерлерінің капиталды басқару саясатын орындауына мониторинг және бақылау жасауға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) капиталды басқару саясатының жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 3) мониторинг пен бақылау қорытындылары бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | тоқса реттен |
| 1.16 | Банктің директорлар кеңесі рентабельдікті басқару саясатын бекітеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: рентабельдікті басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға;<br>банктің және оның қызметкерлерінің рентабельдікті басқару саясатын орындауына мониторинг және бақылау жасауға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) пайдалылықты басқару саясатының жобасын қарау нәтижелері бойынша | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 3) мониторинг пен бақылау қорытындылары бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | тоқса реттен |
| 1.17 | Банктің директорлар кеңесі операциялық тәуекелді басқару саясатын бекітеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: операциялық тәуекелді басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; банктің және оның қызметкерлерінің операциялық тәуекелді басқару саясатын орындауына мониторинг және бақылау жасауға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) операциялық тәуекелді басқару саясатының жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 3) мониторинг пен бақылау қорытындылары бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | тоқса реттен |
| 1.18 | Банктің директорлар кеңесі банктің үздіксіз қызметін басқару саясатын бекітеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: үздіксіз қызметті басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; банктің және оның қызметкерлерінің үздіксіз қызметін басқару саясатын орындауына мониторинг және бақылау жасауға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) үздіксіз қызметті басқару саясатының жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 3) мониторинг пен бақылау қорытындылары бойынша Хаттама/Банктің директорлар кеңесі отырыстарының шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | тоқса реттен |
| 1.19 | Банктің директорлар кеңесі ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару саясатын бекітеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; банктің және оның қызметкерлерінің ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару саясатын орындауына мониторинг және бақылау жасауға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару саясатының жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 3) мониторинг пен бақылау қорытындылары бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | тоқса реттен |
| 1.20 | Банктің директорлар кеңесі ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару саясатын бекітеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; банктің және оның қызметкерлерінің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару саясатын орындауына мониторинг және бақылау жасауға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару саясатының жобасын қарау нәтижелері бойынша | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | |
| | | | 3) мониторинг пен бақылау қорытындылары бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | жылын кем ем |
| 1.21 | Банкің директорлар кеңесі комплаенс-тәуекелді басқару саясатын бекітеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: комплаенс-тәуекелді басқару саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; банк басқармасының комплаенс-тәуекелді басқару саясатын орындау тиімділігіне мониторинг жасауға және бағалауға; комплаенс-бағдарлама жобасын (жоспарды) әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; комплаенс-тәуекелдің туындауына әкеп соқтыруы мүмкін бұзушылықтардың (оқиғалардың, мәмілелердің) маңыздылығын айқындау тәсілдері мен тәртібі белгіленетін ішкі құжаттың жобасын әзірлеуге жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) комплеанс-тәуекелді басқару саясатының жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 3) банктің директорлар кеңесі банк басқармасының УАО ұсынған комплеанс-тәуекелді басқару саясатын, ұсынымдарды орындау тиімділігіне мониторинг жасау және бағалау нәтижелерін қарайды. Қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | тоқсан реттен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 4) банктің директорлар кеңесі 13-тарауға сәйкес Бас комплаенс-бақылаушыны тағайындайды және қызметінен босатады; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 5) комплаенс-бағдарлама жобасын (жоспарды) қарау нәтижелері бойынша Хаттама/Банктің директорлар кеңесінің шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | жыл са |
| | | | 6) комплаенс-тәуекелдің туындауына әкеп соқтыруы мүмкін бұзушылықтардың (оқиғалардың, мәмілелердің) маңыздылығын айқындау тәсілдері мен тәртібі белгіленетін ішкі құжаттың жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| 1.22 | Банктің директорлар кеңесі банк қызметтерін көрсету барысында туындайтын клиенттер өтініштерін қарау тәртібін бекітеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: банк қызметтерін көрсету барысында туындайтын клиенттер өтініштерін қарау тәртібінің жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; банк қызметтерін көрсету барысында туындайтын клиенттер өтініштерін қарау бойынша банк басқармасының қызметіне мониторинг және бақылау жасауға жауапты етіп белгілейді. | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) жобаны қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 3) банктің директорлар кеңесі мониторинг пен бақылау қорытындылары бойынша УАО-ның есебін тыңдайды және қажет болған кезде УАО-ға банк қызметтерін көрсету | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | барысында туындайтын клиенттер өтініштерін қарау бойынша банктің жұмысын жетілдіру жөніндегі шаралардың қабылдануын қамтамасыз етуді тапсырады. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | жылы кем ем |
| 1.23 | Банктің директорлар кеңесі ішкі бақылау саясатын бекітеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: ішкі бақылау саясатының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; банк басқармасының ішкі бақылау саясатын орындау тиімділігіне мониторинг жасауға және бағалауға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) ішкі бақылау саясатының жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 3) мониторинг пен бағалау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | тоқса реттен |
| 1.24 | Банктің директорлар кеңесі банктің қызметкерлері банк қызметіне қатысты бұзушылықтар туралы конфиденциалды түрде хабарлай алатын рәсімдерді айқындайтын ішкі құжатты бекітеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: банктің қызметкерлері банк қызметіне қатысты бұзушылықтар туралы конфиденциалды түрде хабарлай алатын рәсімдерді айқындайтын ішкі құжаттың жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; банктің қызметкерлері банк қызметіне қатысты бұзушылықтар туралы конфиденциалды түрде хабарлай алатын рәсімдердің тиімділігі мониторингін жүзеге асыруға жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 2) ішкі құжаттың жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | 3) мониторинг нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | жылын кем ем |
| | | | 1) банктің директорлар кеңесі УАО-ны: ішкі аудит саясатының және ішкі аудитор этикасы кодексінің жобаларын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; ішкі аудит бөлімшесінің сандық құрамын айқындауды қоса алғанда, ішкі аудит бөлімшесі туралы ереженің жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; банк бюджетінің жобасын қарау кезінде ішкі аудит бөлімшесі ресурстарының жеткілікті болуын қамтамасыз етуге; ішкі аудиттің жылдық жоспарының жобасын әзірлеуге және бекітуге ұсынуға; ішкі аудит бөлімшесінің басшысын және ішкі аудит бөлімшесінің қызметкерлерін қызметке тағайындау(қайта тағайындау, босату) бойынша ұсынымдар дайындауға; банкте ішкі аудит саясатын енгізуді қамтамасыз етуге; ішкі аудит бөлімшесінің басшысын қоса алғанда, ішкі аудит функциясын жүзеге асыратын қызметкерлерді көтермелеу және оларға сыйақылар беру туралы ұсынымдар дайындауға; ішкі аудит бөлімшесінің ішкі және сыртқы аудит мәселелері бойынша банк басқармасымен өзара әрекет етуді және қызметін үйлестіруді қамтамасыз етуге; ішкі аудит нәтижелері | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.25 | Банктің директорлар кеңесі ішкі аудит саясатын , ішкі аудитор этикасының кодексін, ішкі аудит бөлімшесі туралы ережені, ішкі аудиттің жылдық жоспарын бекітеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО | туралы есепті (қысқаша есепті) қарауға жауапты етіп белгілейді. | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | |
| | | | 2) ішкі аудит саясатының және ішкі аудитор этикасы кодексінің жобаларын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 3) ішкі аудит бөлімшесі туралы ереженің жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 4) бюджет жобасын қарау кезінде ішкі аудит бөлімшесі ресурстарының жеткілікті болуы қамтамасыз етіледі; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | бюдж әзірле жылд алдың жылғ желто кешікт |
| | | | 5) ішкі аудиттің жылдық жоспарының жобасын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | жыл са |
| | | | 6) ішкі аудит бөлімшесінің басшысын және ішкі аудит бөлімшесінің қызметкерлерін қызметке тағайындау (қайта тағайындау, босату) бойынша УАО ұсынымдарын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 7) ішкі аудит саясатын ендіруді қамтамасыз ету мақсатында УАО ұсынған банктің ішкі құжаттарының жобаларын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 8) ішкі аудит бөлімшесінің басшысын қоса алғанда, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ішкі аудит функциясын жүзеге асыратын қызметкерлерді көтермелеу және оларға сыйақылар беру туралы УАО ұсынымдарын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді; | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | 9) ішкі аудит бөлімшесінің ішкі және сыртқы аудит мәселелері бойынша банк басқармасымен өзара әрекет жасауды және қызметін үйлестіруді қамтамасыз етуін бақылау нәтижелері туралы УАО ақпаратын қарау қорытындылары бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | жарты реттен |
| | | | 10) ішкі аудит нәтижелері туралы есепті (қысқаша есепті) және УАО ұсынымдарын қарау нәтижелері бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді, онда банк басқармасының ішкі аудит ұсынымдарын орындауының қажеттілігі жөніндегі не ішкі аудит барысында анықталған тәуекелдерді қабылдауы жөніндегі түпкілікті шешім қамтылады. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| 1.26 | Банктің директорлар кеңесі банктің еншілес ұйымдарында ішкі аудит | Банктің директорлар кеңесі, УАО | 1) егер банк еншілес ұйым болып табылса, банктің директорлар кеңесі УАО-ны:<br>банктің еншілес ұйымдарында ішкі аудит тәртібін, стандарттары мен қағидаттарын енгізуге;<br>банктің еншілес ұйымдарында ішкі аудит тәртібін, стандарттары мен қағидаттарын енгізуді тексеруге жауапты етіп белгілейді; | Ішкі құжат/ банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәртібін, стандарттары мен қағидаттарын ендіруді қамтамасыз етеді. | | 2) банктің еншілес ұйымдарында ішкі аудит тәртібін, стандарттары мен қағидаттарын ендіруді тексеру нәтижелері туралы УАО ақпаратын қарау қорытындылары бойынша банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі ресімделеді. | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | жылың кем ем |
| 5.1. | Банк ағымдағы нарықтық жағдайға, банк операциясының стратегиясына, мөлшеріне, күрделі деңгейіне сәйкес келетін өтімділік тәуекелін басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді және топішілік операциян ескере отырып банктің өтімділік тәуекелін тиімді анықтауды, өлшеуді, мониторингін және бақылауды қамтамасыз етеді. Өтімділік тәуекелін басқару жүйесі мына құрамдас бөліктерден ( бірақ олармен шектелмейді) тұрады: 1) өтімділік тәуекелін басқару саясаты; 2) өтімділік тәуекелін анықтау, өлшеу, мониторинг және бақылау рәсімдері; 3) күтпеген жағдайларға | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Өтімділік тәуекелін басқару жүйесін ұйымдастыру кезінде, банк ағымдағы нарықтық жағдайды талдайды, стратегияны қарайды және банк операциясының мөлшерін, күрделі деңгейін ескереді және өтімділік тәуекелін басқару жүйесінің құрамдас бөліктерін қамтитын ішкі құжаттарды әзірлейді. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоспардың болу;<br>4) басқарушылық ақпарат жүйесі;<br>5) ішкі бақылау;<br>6) ішкі аудит бөлімшесінің өтімділік тәуекелін басқару жүйесінің тиімділігін бағалау. | | | - | |
| 5.1.1. | Банк өтімділікке қажеттіліктерді ескере отырып, қалыпты сондай-ақ стресті жағдайларда өтімділік тәуекелін басқару саясатын әзірлейді, ол мыналардан тұрады, бірақ олармен шектелмейді:<br>1) өтімділік тәуекелін басқару мақсаттары, міндеттері қағидаттары;<br>2) өтімділік тәуекелінің шекті деңгейі;<br>3) жекелеген активтер мен қаржыландыру көздерін шоғырландыруды шектеу (қаржыландыру көздерін әртараптандыру);<br>4) қорландырудың тұрақты көздерін анықтау;<br>5) топішілік операцияларды ескере отырып банктің өтімділік тәуекелін басқару және мониторингінің рәсімдері/механизмдері;<br>6) өтімділік тәуекелін басқару процесіне қатысушыларды, есептілік құрылымын нақты анықтаумен олардың өкілеттіктері мен жауапкершілігін белгілеу;<br>7) өтімділік тәуекелін анықтау, өлшеу, мониторинг және бақылауға әдістер, оның ішінде құралдар\индикаторлар.<br>8) өтімділік тәуекелін бақылауға арналған лимиттер.<br>9) өтімділік тәуекелі туралы ертеден ескерту индикаторлары; | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Өтімділік тәуекелін басқару саясатын әзірлеу кезінде банк қалыпты сондай-ақ стресті жағдайлардағы өтімділікке қажеттіліктерін бағалайды және мына факторларды ескереді, бірақ олармен шектелмейді:<br>банк стратегиясын банкті өтімділік тәуекеліне ұшырататын қызмет түрлері;<br>банк тәуекелінің шекті деңгейі;<br>банк бизнесінің мөлшері, сипаты және күрделілігі;<br>банктің өтімділік тәуекеліне ұшырағыштық мөлшері және оның банктің қаржылық жағдайына ықпал етуін бағалауы;<br>тәуекелді бағалау, оның ішінде сезімталдықты және стресс-тестілеуді талдауды жүзеге асыру арқылы алынған нәтижелер;<br>банк бұрын қолданған өтімділік тәуекелін басқару рәсімдерінің тиімділігі;<br>кез келген әлеуетті ішкі ұйымдастыру өзгерістеріне және/немесе нарықтық жағдайдың сыртқы өзгерістеріне қатысты күтулер;<br>Қазақстан Республикасының заңнамасы. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 10) ақпараттың түрлерін, нысаны мен ұсыну мерзімдерін қоса алғанда, өтімділік тәуекелін басқару процесіне қатысушылар арасында ақпарат алмасу тәртібі. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| 5.1.2 | Банк мыналар арқылы өтімділік тәуекелін анықтайды, өлшейді, мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады (бірақ олармен шектлмейді):<br>1) өтімділік тәуекелін талдау үшін құралдар мен индикаторлар;<br>2) өтімділік тәуекелін бақылау лимиттері;<br>3) өтімділік тәуекелін туралы ертеден ескерту индикаторлары;<br>4) стресс-тестілеу;<br>5) валюта өтімділігін басқару;<br>6) қорландыру көздерін әртараптандыру;<br>7) өтімділік активтері қорын ұстау;<br>8) кепілмен қамтамасыз етуді басқару;<br>9) күн ішілік өтімділік тәуекелін басқару;<br>10) топішілік өтімділік тәуекелін басқару. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Банк ішкі құжаттарды әзірлейді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| | Банк өтімділік тәуекелін талдау үшін мыналардан:<br>1) өтеуге дейінгі шарт мерзімдеріне және күтілетін ақша ағындарына негізделген ГЭП-талдаудан;<br>2) келешектегі ақша ағындарын болжау және түрлі уақыт шеңбері ішінде (кемінде алдағы айда) қалыпты және стрестік жағдайларда қорландыруда әлеуетті айырмашылықтарды анықтаудан;<br>3) қорландыруды тартуға қабілеттілігін бағалаудан, сондай-ақ қорландырудың | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5.1.2.1 | негізгі көздерінің осалдығын және шоғырлану деңгейін бағалаудан;<br>4) банктің балансы құрылымына және бизнес-бағыттарына тән оның ішінде, барынша ұзақмерзімді кезеңде туындаған өтімділіктің әлеуетті тәуекелін бағалаудан;<br>5) банктің шетел валюталары бағамдарының өзгерістеріне осалдығын және қорландырудың негізгі көздерінің шетел валюталарында шоғырлануына осалдығын анықтаудан;<br>6) бөлшекті не бөлшекті емес қорландыру көздерін қоса алғанда, қорландыру көздерінің құрылымы және сапасы және негізгі қарсы агенттер бойынша қорландыру көздерінің шоғырлануы деңгейі туралы ақпараттан;<br>7) қысқамерзімде және/немесе стресс жағдайларында қарыз алулар бойынша қамтамасыз етуді сату немесе беру арқылы өтімділікті алудың әлеуетті мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік беретін өтімділік қорының мөлшері, құрылымы және сипаты туралы ақпараттан;<br>8) банкке өтімділік тәуекелін уақтылы анықтауға, өлшеуге, мониторингке және бақылауға мүмкіндік беретін бағалаудың өзге индикаторларынан тұратын, бірақ олармен шектелмейтін құралдар мен индикаторлар жинағын әзірлейді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Банк құралдар мен индикаторларды әзірлеу кезінде мыналарды ескереді, бірақ олармен шектелмейді:<br>банк құрылымына сәйкестігіне, бизнесінің күрделілігіне, тәуекелдерінің профиліне; активтер, міндеттемелер, баланстан тыс позициялардың барлық түрлерін қамту; өтімділікті тиімді басқаруды, оның ішінде күнделікті негізде және топішілік операцияларды ескере отырып, оның ішінде стресті жағдайларда банктің өтімділігінің құрылымдық бөлулерімен қамтамасыз ету | Ішкі құжаттар | - |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5.1.2.2 | Банк, банк деңгейінде және банктің бизнес-бағыттары мен бөлімшелері бөлігіндегі банктің өтімділік тәуекелін бақылау лимиттерін белгілейді, оның ішінде топ ішілік операцияларды ескере отырып, ол мыналардан тұрады, және олармен шектелмейді: Әр түрлі уақыт шеңбері бөлігіндегі ГЭП лимиттері (кемінде бір ай); валюталар түрі бойынша лимиттер. Лимиттерді банк банктің үзіліссіз қызметін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін деңгейде белгілйді, оның ішінде стресті жағдайларда. Топтың құрамына кіретін банк топтың басқа қатысушыларынан қорландыруға тәуелділікті шектеу үшін, оның ішінде валюталар бөлігінде, өтімділіктің топішілік тәуекеліне ішкі лимиттерді белгілейді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Банк лимиттерді белгілеу кезінде олардың банк қызметіне және оның операцияларына, сондай-ақ өтімділік тәуекелінің шекті деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз етеді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| | Банк өтімділік тәуекелі туралы ертерек ескертудің ішкі және нарықтық индикаторларын әзірлейді. 1) Ішкі индикаторларға төмендегілер кіреді, бірақ олармен шектелмейді: қорландыру көздерінің құбылмалығын анықтау; активтердің жылдам өсуі, әсіресе әлеуетті құбылмалы міндеттемелер есебінен қаржыландырылатын; жекелеген активтердегі, міндеттемелердегі шоғырландырылу-дың артуы; ұлттық және шетел валютасындағы ГЭП артуы; пайыздық | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5.1.2.3 | мөлшерлемелердің артуынан туындаған шығындарды қоспағанда, тиімді деңгейдегі өтімділікті қолдауға байланысты шығындардың ұлғаюы; теріс ГЭП-тің кеңеюі растайтын өтімділік бойынша ақша ағындарының немесе құрылымдық позицияның өзгеруі, әсіресе қысқамерзімді кезеңде; міндеттемелерді өтеудің орташа алынған мерзімін төмендету; банктің ішкі лимиттерінің немесе уәкілетті орган белгіленген пруденциялық нормативтердің маңызды мәндеріне жақындату (лимит алдындағы тәсіл); жұмыс істемейтін кредиттердің, бизнестің белгілі бір түріне байланысты шығындарды немесе банктік қызмет түрін ұлғайту сияқты теріс үрдістер немесе жоғары тәуекел; банк кірісінің төмендеуі, активтер сапасының және қаржылық жағдайының нашарлауы; баланстан тыс позициялар үшін қосымша өтімділікті талап ететін тәуекелдердің туындауы ықтималдығын артуы жөнінде ескертетін индикаторлар.<br>2) Нарықтық индикаторларға төмендегілер кіреді тұрады, бірақ олармен шектелмейді:<br>ақпарат, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарындағы банкке немесе оның қызметкерлеріне байланысты, банкке және оның беделіне теріс әсер ететін ақпарат; | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Ертерек ескерту индикаторларын әзірлеу кезінде банк сандық және сапалық көрсеткіштерді қолданады. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көтерме немесе бөлшек қорландырудың өспелі құны; кредиттік рейтингтің төмендеуі; акция құнының төмендеуі; қосымша қамтамасыз етуді ұсыну бойынша қарсы агенттердің талаптарын ұлғайту және\немесе қамтамасыз етусіз жаңа мәмілелер бойынша және мерзімдерді ұзарту бойынша бас тартулар; корреспондент банктерден кредиттік желілерге қолжетімділіктің төмендеуі; бөлшек депозиттерді алу бойынша үрдістердің артуы; ұзақмерзімді қаржыландыруды тартудағы және\немесе банктің борыштық бағалы қағаздарын орналастырудағы қиыншылықтар. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| 5.1.2.4 | Банк тұрақты негізде ( жылына 1 реттен кем емес) сценарийдің әрбір түрі бойынша стрестік кезең ішінде өтімділіктің қажетті деңгейін анықтау үшін стресс-тестілеуді жүргізеді және мыналарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді: өтімділік тәуекелінің әлеуетті қауіп көздерін анықтау; қамтамасыз етуді өтімділік тәуекеліне ағымдағы ұшырағыштығы өтімділік тәуекелінің белгіленген рұқсат етілген деңгейіне қатысты барабар болып қалатындай бағалау; өтімділіктің болашақтағы стрестерінің ақша ағындарына, өтімділік деңгейіне және кірістілігіне, банктің қаржылық тұрақтылығына кез келген ықтимал ықпал | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Банк стресс-тестілеуді жүргізеді, оның құрылымы мен жиілігі банк бизнесінің мөлшеріне, күрделілігіне және оның өтімділік тәуекеліне ұшырағыштық дәрежесіне, сондай-ақ банктің қаржы жүйесіндегі рөлі\маңыздылығына сәйкес келеді. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | етуін талдау. Банк жеке валюта түрінде және сол сияқты жалпы алғанда банктің маңызды позициялары бар валюталардың барлық түрлері бойынша стресс-тестілеуді жүргізеді және өтімділік тәуекелінің тәуекелдердің банк қызметіне тән басқа түрлерімен өзара іс-қимылын ескереді. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| 5.1.2.4.1 | Банк стресс-тестілеудің сценарийін әзірлейді, оларда (бірақ олармен шектелмей):<br>банкке тән және жалпы нарықтық сценарийлерді жекелей және сол сияқты олардың орналастырылуы бойынша қамтиды;<br>өтімділіктің стрестерінің қысқамерзімді және бұдан ұзақ кезеңдерін қамтиды;<br>ықтимал, бірақ нақты жорамалдар негізінде жүргізіледі.<br>Банкке тән стресс-сценарийлер банкте нақты және әлеуетті проблемалар болу нәтижесінде туындауы мүмкін жағдайларды, оның ішінде мыналарға байланысты жағдайларды қамтиды:<br>банк активтерінің сапасын;<br>банк клиенттерінің (қарсы агенттерінің) төлем қабілеттілігін;<br>банктің кредиттік рейтингінің едәуір төмендеуіне;<br>банкке сенім арту деңгейіне ықпал ететін, банк туралы жағымсыз ақпараттың пайда болуына.<br>Жалпы нарықтық стресс-сценарийлер банкте нақты және әлеуетті проблемалар болу нәтижесінде туындауы | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Сценарийдің түріне қарай, банк мынадай тізбе кіретін бірқатар жорамалдан тұрады:<br>бөлшекті қаржыландырудың әкетілуі;<br>көтерме қаржыландырудың қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген көздеріне қол жеткізе алмау;<br>қосымша маржа және кепілзатты белгілеу ықтималдылығы;<br>қаржыландыру мерзімдерінің өзгеру ықтималдығы;<br>кредиттік желілерді қоса алғанда, баланстан тыс құралдар мен операциялар бойынша шартты міндеттемелер;<br>банкке ұсынылған кредиттік желілердің болуы;<br>активтер көлеміндегі жоспарланған өзгерістер.<br>Банкке тән стресс-сценарийлер ауыр | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүмкін жағдайларды, оның ішінде мыналарға байланысты жағдайларды қамтиды:<br>қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген қорландыруға қол жеткізудің едәуір қысқаруымен және өтімділігі жоғары жекелеген нарықтардағы өтімділіктің бір мезгілде азаюымен бүкіл нарық ауқымында өтімділіктің тарылуына;<br>қарсы агент/қарсы агенттер дефолтына, оның ішіндегі банкаралық нарықтағы дефолтына;<br>активтері сату үшін маңызды дисконттарға қажеттіліктің ықтимал туындауына және/немесе репоны жүзеге асыруға;<br>валютаның айырбастауды шектеуге;<br>төлем жүйесіндегі операциялық іркілістерге. | | стресті жағдайларда ақша ағындарының қозғалысын бағалауға мүмкіндік береді, оның ішінде:<br>клиенттердің мерзімді депозиттерді мерзімінен бұрын алу бойынша талаптарын арттыру;<br>банкаралық салымдардың жаңартылмауы;<br>жаңа қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген қаржыландыруға рұқсаттың болмауы;<br>өтімді бағалы қағаздардың дисконтпен сату қажеттілігінің туындау ықтималдылығы. | Банктің ішкі құжаттары | |
| 5.1.2.4.2 | Банк тұрақты негізде стресс-тестілеу сценарийлерін қайта қарауды жүзеге асырады. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Банк нарықтық конъюнктураның өзгеруін, банк қызметінің сипаты мен ауқымдарының өзгеруін, сондай-ақ банктің стресс жағдайларындағы қызметінің нақты тәжірибесін бағалайды. Бағалау нәтижесі қажет болған жағдайда стресс-тестілеу сценарийлерін өзгерту бойынша ұсыныстарымен бірге банктің басқармасы мен УАО-ға қарау және банктің директорлар кеңесіне бекіту үшін жіберіледі. | Банктің директорлар кеңесінің хаттамасы/шешімі | жылын<br>кем ем |
| | Банк валюта өтімділігін басқаруды жүзеге асырады және мына факторларды (бірақ, олармен шектелмей):<br>1) ұлттық валютадағы немесе керісінше, активтерді қаржыландыру | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5.1.2.5 | үшін пайдаланылуы мүмкін шетел валютасындағы міндеттемелер мөлшерін; 2) шетел валюталары бағамдарының айырбасталымдығын және өтімділігін, осы валюталардағы қорландыруға қол жеткізу мерзімдерін; 3) нарықтық тұрақсыздық жағдайында жекелеген валюталық жұптар үшін валюталық своптарды қысқарту немесе толық жабу мүмкіндігін; 4) нарықтардың тереңдігін және өтімділігін, сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелер деңгейін қоса отырып, валюта нарығындағы талаптарды; 5) банктің валюта нарықтарынан қаражат тартуға және артық өтімділікті бір валютадан басқасына айырбастау қабілеттілігін; 6) шетел валютасындағы талаптары мен міндеттемелері бар салымшылардың және қарыз алушылардың іс-әрекеті мен ұлттық валютадағы талаптары мен міндеттемелері бар салымшылардың және қарыз алушылардың іс-әрекетіндегі айырмашылықтарды; 7) валюталық депозиттердің стресс жағдайлардағы тұрақтылығын; 8) жекелеген шетел валюталарымен қорландыруға қол жеткізуге шектеу болған ( болмаған) жағдайында шетел валютасындағы резервтің болуын; 9) қарыз алушылардың стрестік жағдайларда, | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Валюталық өтімділікті басқару мақсатында банк: қалыпты және сол сияқты стрестік жағдайларда шетел валютасындағы өтімділікке жиынтық қажеттілікті бағалайды; банк үшін тиімді деңгейде валюталық ГЭП-позицияларды қолдауды бақылайды; айырбастау бағамының өтімділіктің ағымдағы ажырауының күрт ұлғаюына және валюталық тәуекелді хеджирлеу стратегиясының тиімділігін төмендеуіне әсер етуге қабілетті алдын ала болжанбаған теріс ауытқулар тәуекелін бағалауды және мониторингін жүзеге асырады; валютаның ықтимал айырбасталуын және қорландыруды бір валютадан басқасына ауыстыру үшін шетелдік валюта нарықтарына қол жеткізуді бағалайды; куммулятивтік ГЭП-ті әрбір шетел валютасы бойынша әртүрлі уақыт кеңестігінде, оның банктің балансындағы маңыздылығына қарай бақылау үшін ішкі лимиттердің тиімділік мәнін белгілейді және тұрақты түрде қайта қарайды. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оның ішінде пайыздық мөлшерлемелердің және валюта бағамдарының теріс құбылуы жағдайында шетел валютасындағы міндеттемелерді өтеу қабілеттілігін ескере отырып валюта өтімділігі бойынша ішкі лимиттерді бекітеді. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| 5.1.2.6 | Банк қорландыру көздерін әртараптандырады және мына факторларды (бірақ, олармен шектелмей):<br>1) өнімдер, құралдар, нарықтар бойынша активтердің мерзімін және түрлерін;<br>2) эмитенттің, қарсы агенттің немесе кредитордың, оның ішінде экономика секторының, географиялық орналасу сипаттамасын;<br>3) қорландыру көзінің валютасын ескере отырып шоғырландыруға арналған ішкі лимиттерді белгілейді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Қорландыру көздерін әртараптандыруды қамтамасыз ету мақсатында банк саясатта әртүрлі уақыт кеңістігінде өтімділікті қолдау үшін қорландырудың тұрақты көздерін жиынтығын (оның ішінде өтімді активтердің қолайлы деңгейін қоса алғанда) айқындайды. Қорландыру көздерін әртараптандыруды қамтамасыз ету кезінде банк мыналарды, бірақ олармен шектелмей:<br>1) міндеттемелердің мерзімділік профилін және әртүрлі өзгерістерге сезімталдылығын;<br>2) банктің тиісті нарықтарға қолжетімділігін;<br>3) кредиторлармен қолайлы қарым-қатынастың болуын;<br>4) таңдалған қаржыландыру нарығында болуын нығайту мүмкіндігін;<br>5) қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген қаржыландыру ара қатынасын;<br>6) бір кредитордың немесе бір-біріне байланысты кредиторлардың жекелеген нарықтарға, құралдарға немесе өнімдерге, топ ішілік қаржыландыруға тәуелділік деңгейін;<br>7) географиялық орналасқан жерін, кредитордың экономиканың жекелеген | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | секторына тиесілігін; 8) қаржыландыру көздерінің валютасын ескереді. | Банктің ішкі құжаттары | |
| 5.1.2.7 | Банк өтімділіктің қажетті қорының болуын қамтамасыз етеді, ол: өтімділіктің рұқсат берілген тәуекелінің белгіленген деңгейіне сәйкес келеді; банктің әртүрлі жағдайларда жұмыс істеуі кезінде елеулі залалсыз ең қысқа мерзімде пайдалануға балатын өтімділігі едәуір жоғары, ауыртпалық салынбаған активтерден тұрады; стресс кезеңдерінде банктің күнделікті төлем және есептік міндеттемелерін уақытылы орындауын қамтамасыз ету үшін жеткілікті; стресс-тестілеуді жүзеге асыру нәтижесінде кемінде 30 күн бұрын анықталған өтімділік жеткіліксіздігін өтеу үшін жеткілікті. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк мына сипаттамаларды : 1) ауыртпалық салынбауды ; 2) кредиттік және нарықтық тәуекелдерге ұшырағыштықтың төмен деңгейін; 3) тәуекелді активтерді түзетудің төмен болуын; 4) құнды анықтаудың жеңіл болуын; 5) ықтимал стрестік жағдайларға сезімталдық деңгейін (бірақ олармен шектелмей) ескере отырып, өтімділік активтерінің қорын қамтамасыз ететін құралдарды айқындайды. Өтімді активтер қорын қалыптастыру кезінде банк мынадай жорамалдарды ескереді: қолма-қол ақша ағынындағы алшақтық шамасы туралы; ықтимал стрестік оқиғалар туралы; банк стресс жағдайларында кепіл ретінде пайдалануы мүмкін (яғни, активтерді сату немесе оларды кепілзат ретінде пайдалану жағдайында банк алуы мүмкін қолма-қол ақша көлемінің есебі) активтердің құны туралы. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| | Банк мыналарды (бірақ, олармен шектелмей): банктің кепіл ретінде пайдалануы мүмкін активтерге, оның ішінде олардың босау мерзімін ескере отырып ауыртпалық салынған активтерге мұқтаждығын анықтау және бағалау тәртібін; банктің жауапты тұлғаларын (органдарын, | | Кепілмен қамтамасыз етуді басқару қалыпты және сол сияқты стресс жағдайларында кепілмен | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5.1.2.8 | бөлімшелерін) қоса алғанда қаржыландырумен қамтамасыз етілген кредиторлардың және нарықтың әрбір түріне қатысты кепілмен қамтамасыз ету ретінде пайдалану үшін активтің қандай да болмасын түрінің қолайлылығын бағалау тәртібін; қажет болған жағдайда активтердің дереу жұмылдырылуы мүмкіндігін бағалауды жүзеге асыру мақсатында мониторинг үшін жауапты тұлғаларды (бөлімшелерді, органдарды) қоса алғанда эмитенттер, географиялық орналасқан жерлері, валюталар бойынша кепілмен қамтамасыз ету мониторингінің тәртібін; жекелеген кредиторларда және/немесе нарықтарда шамадан тыс шоғырлануды болдырмас үшін кепілмен қамтамасыз ету көздерін әртараптандыру тәртібін айқындайтын рәсімдер арқылы кепілмен қамтамасыз етуді басқарады. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | қамтамасыз етуді пайдаланудың ықтимал шығындары туралы хабардар етуге негізделеді. Банк әртүрлі уақыт кеңестігі (күн ішінде, қысқа және ұзақ мерзімді) бойынша өтімділікке күтіліп отырған және алдын ала болжанбаған қажеттілігін қанағаттандыру үшін жеткілікті кепілмен қамтамасыз етудің болуын қамтамасыз етеді. Кепіл ретінде пайдалануы мүмкін активтерді айқындау кезінде банк, мыналарды: ауыртпалық салынбағандығын; қаржыландырудың күтпеген қажеттілігі туындаған кезде кезкелген уақытта қол жетімді болуын ескереді, бірақ, олармен шектелмейді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| 5.1.2.9 | Банк мыналардан: қосымша күнделікті өтімділікті тартудың қажеттілігін бағалау немесе өтімділіктің әкетілуін шектеу үшін күтіліп отырған ақша ағынын және қолда бар өтімділік көздерін ескере отырып өтімділіктің күнделікті позицияларын бақылап отыру; күндік қарыз қаражатын алу қажеттілігі жағдайында банктің кепіл ретінде пайдаланылуы мүмкін активтерін басқару ;<br>үзіліссіз қызметті | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк күнделікті өтімділікті басқару бойынша ішкі рәсімдерді әзірлейді. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қоса алғанда өтімділіктің күндік ағынындағы алшақтықтың алдын ала болжанбай туындауы жағдайында ғы банктің ден қою жоспарынан тұратын, бірақ, олармен шектелмейді, рәсімдері арқылы өтімділіктің күн ішілік тәуекелін басқарды. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| 5.1.2.10 | Банк мыналардан: ақша ағындарын болжауды жүзеге асыру мақсаты үшін топішілік өтімділікке қатысты тәсілдерден және топішілік тәуелсіздік бойынша рұқсат етуден тұратын, бірақ, олармен шектелмейтін рәсімдері арқылы өтімділіктің топ ішілік тәуекелін басқарды. Қорландырудағы қажеттілікті бағалау кезінде, атап айтқанда стресс жағдайларында мыналар ескеріледі: топ қатысушылары ұсынатын қаржыландыру; банктің топ қатысушыларынан өтімділікке қол жеткізуі қажет болған жағдайда шектейтін құқықтық, реттегіш және өзге де кедергілер; банктің топтың басқа қатысушыларынан " жұқтыру" тәуекелін төмендету үшін өтімділіктің топішілік тәуекеліне лимиттерді белгілеу; өтімділіктің топішінде орын ауыстыруына шектеулерді белгілеу; айырбастауға қабілеттілік белгісіз болып табылатын, әсіресе стрестік жағдайларда, шетел валюталары бойынша өтімділіктің топішілік тәуекеліне лимиттерді | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Өтімділіктің топішілік тәуекелін басқару хабардар болуды қамтамасыз ету және банктің өтімділігіне топтың басқа қатысушыларындағы өтімділік проблемаларының ықпал етуіне қатысты түсіну мақсатында жүзеге асырылады.<br>Банк топішілік өтімділікті басқару тәртібін айқындайтын рәсімдерді әзірлейді. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгілеу;<br>банктің еншілес ұйымдарын және филиалдарын топтағы басқа көздерден қорландыру мұқтаждығын шектейтін лимиттерді белгілеу;<br>топ қатысушыларының ішкі өтімділігін қолдау тетіктері. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| | Банк алдын ала болжанбаған жағдайларға арналған Қаржыландыру жоспарының болуын қамтамасыз етеді, олар мыналарды:<br>өтімділікке байланысты стрестік оқиғалар жағдайында, оның ішінде стресс-тестілеу нәтижесінде айқындалатын жағдайларда, банктің уақтылы ден қоюына әсер ететін рәсімдер мен іс-шаралар жиынтығын;<br>қаржыландырудың әлеуетті көздері және осы көздерден алынатын қаражаттың мөлшерін белгілейді. Банк қаржыландырудың әлеуетті көздерінен алуы тиіс қаражаттың мөлшері белгілі бір диапазонда абсолюттік және сол сияқты салыстырмалы мәнде белгіленді;<br>банкті қолдау және өтімділікпен қамтамасыз ету бойынша әртүрлі шаралар жиынтығын белгілейді, оларға:<br>1) акционерлердің қаражаты;<br>2) депозиттердің өсу қарқынын арттыру;<br>3) міндеттемелерді өтеу мерзімін ұзарту;<br>4) қысқа және ұзақмерзімді борыштық құралдар эмиссиясы;<br>5) еншілес ұйымдарды | | Алдын ала болжанбаған оқиғалар болған жағдайда Қаржыландыру жоспарын қалыптастыру кезінде банк өтімділікті және кепілдік қамтамасыз етуді жұмылдыру үшін қажетті банктің операциялық рәсімдердің ағымдағы жағдайын, осындай жұмылдыруларға қатысты қолданылып жүрген заңнамалық, реттегіш, операциялық шектеулерді және уақыт шектеулерін | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5.1.3 | сату;<br>6) активтерді секьюритилендіру;<br>7) активтері сату немесе репо операциялары;<br>8) орталық банктен қарыз алу;<br>9) кредиттік портфель өсуінің бәсеңдеуі;<br>10) дивидендтерге ақы төлеуді тоқтата тұру;<br>қаржыландырудың қандайда болмасын көздерін жұмылдыратын талаптар, сондай-ақ оларды қолданысқа енгізу қажет болатын мерзімдер;<br>мыналарды:<br>1) алдын ала болжанбаған оқиғалар болған жағдайда Қаржыландыру жоспарын әзірлеуге және енгізуге жауапты банктің тұлғалар құрамын (органдарын. бөлімшелерін) ішкі үйлестіру мен коммуникацияны қамтамасыз ету мақсатында олардың өкілеттігін және олардың жауапкершілік саласын көрсете отырып қалыптастыруды;<br>2) іс-әрекеттің толық алгоритмін және қабылдануы қажет іс-әрекеттерге қатысты олардың басымдылығын, оларды қабылдауға кім жауапты, ол іс әрекеттер қашан және қалайша іске қосылуы мүмкін немесе тиіс іс әрекеттерді регламенттейтін операциялық рәсімдерді айқындайды, бірақ, олармен шектелмейді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | есепке ала отырып ескереді.<br>Болжанбаған оқиғалар болған жағдайда Қаржыландыру жоспары: банктің өтімділігімен әртүрлі дағдарыс жағдайлары кезіндегі банктің тәсілдерінен және іс-әрекетінен тұрады; бизнестің қиындығына, тәуекелдің профиліне, мөлшеріне және банктің қаржы жүйесіндегі рөліне сәйкес келеді; банктің әртүрлі уақыт кеңестігі бойынша өтімділігінің деңгейін қамтиды. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| | | | Банк алдын ала болжанбаған оқиғалар болған жағдайда Қаржыландыру жоспарын оның операциялық тиімділігін және операциялық орындалуын | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5.1.3.1 | Банк тұрақты негізде алдын ала болжанбаған оқиғалар болған жағдайда Қаржыландыру жоспарын талдауды жүзеге асырады. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | қамтамасыз ету мәніне талдауды жүзеге асырады және қажет болған жағдайда оны жаңартады. Талдау нәтижесі, қажет болған жағдайда Алдын ала болжанбаған оқиғалар болған жағдайда қаржыландыру жоспарына өзгеріс енгізу жөнінде ұсыныстармен бірге банк басқармасына және УАО-ға қарау үшін және бекіту үшін банктің директорлар кеңесіне жіберіледі. | Директорлар кеңесінің хаттамасы/ шешімі | жарты кемінд |
| 5.1.4 | Банк мыналарды: әртүрлі алушыларға ұсынылатын өтімділік тәуекелін басқару жөніндегі есептіліктің критерийлерін, құрамын және жиілігін; ақпаратты дайындау және тиісті алушыларға дейін жеткізу үшін жауапты тұлғаларды/бөлімшелерді анықтайтын тәртіпті белгілеуден тұратын, және | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжатты әзірлейді және әзірлеу кезінде басқарушылық есептіліктің:<br>1) шартты міндеттемелер бойынша тәуекелдерді, сондай-ақ міндеттемелерді мерзімінен бұрын жабуға әкеп соғуы мүмкін жағдайлардың туындауына байланысты тәуекелдер және тиісті көздер бойынша өтімділіктің белгілі бір көлеміне қажеттілікті қоса алғанда, өтімділік тәуекелінің барлық көздерін қамтитындығын;<br>2) әртүрлі уақыт кеңестігі бойынша өтімділік позициялары бойынша ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз ететіндігін;<br>3) жеке және біріктірілген негізде банкте бар валюта түрлері бойынша қалыпты және сол сияқты стрестік жағдайларда өтімділік позициясының мониторингі үшін тәуекелді өлшеуді қамтамасыз ететіндігін;<br>4) стрестік жағдайлар туындаған кезде қаражат тарту үшін сатуға және кепіл ретінде пайдалануға болатын ауыртпалық салынбаған өтімділігі жоғары активтердің | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басқарушылық есептілік жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. | | мониторингін және серпінін талдауын жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндігін;<br>5) өтімді активтер қорының деңгейіне әсер ететін факторлар туралы ақпараттар мониторингін және талдауын жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндігін;<br>6) әртүрлі уақыт кеңестігі бойынша, оның ішінде әртүрлі сценарийлер бойынша стресс-тестілеу нәтижелерін ескере отырып, болашақ ақша ағындарын бағалауды және болжауды қамтамасыз ететіндігін;<br>7) стресс болған кезеңдерде біршама жиі негізде неғұрлым нақты және маңызды ақпаратпен қамтамасыз етуді көздейтінін ескереді. | Банктің ішкі құжаты | |
| | Банк басқарушылық есептілік нысандарын әзірлейді, олар мына ақпараттан тұрады, бірақ мынадай ақпаратпен шектелмейді:<br>1) банктің өтімділік деңгейінің ағымдағы жағдайы туралы;<br>2) өтімділік бойынша міндетті нормативтерді орындау мониторингінің нәтижелері туралы;<br>3) банктің талаптары мен міндеттемелерінің құрылымын мерзімдері, валюталары, құралдары бөлігінде, оның ішінде ірі активтер мен міндеттемелер бойынша жеке талдау туралы;<br>4) депозиттердің орташа мерзімінің қысқарғаны немесе депозиттік база тұрақтылығы деңгейінің төмендегені туралы куәландыратын белгілерді анықтау үшін депозиттік базаны статистикалық | | Банк ақпаратты ішкі құжаттарға сәйкес тиісті алушыларға жеткізеді. Ішкі құжатты әзірлеген кезде банк ақпаратты банктің директорлар кеңесіне, УАО-ға және банктің басқармасына осы тармақтың талаптарына сәйкес толық көлемде | банктің директорлар кеңесіне, УАО-ға ақпарат<br>банктің басқармасына ақпарат | тоқса[illegible] кемінд[illegible]<br>айына [illegible] рет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5.1.4.1 | және сипаттамалық талдау туралы; 5) күтілетін ақша ағыны туралы; 6) банктің кепілмен қамтамасыз ету ретінде пайдалануы мүмкін активтерінің мөлшері мен жай-күйі туралы; 7) банктің өтімді активтері қорының деңгейі туралы; 8) өтімділік тәуекелі жөнінде ертерек ескерту индикаторлары туралы; 9) ішкі лимиттерді және өтімділік тәуекелі бойынша шектеулерді сақтау туралы; 10) саясаттар мен лимиттерден ауытқу мониторингі туралы; 11) банктің өтімділік деңгейіне әлеуетті әсер ететін ішкі және сыртқы экономикалық жағдайларды бағалау туралы; 12) стресс-тестілеу нәтижелері туралы; 13) бар болса, аудиторлық тексерулердің нәтижесі туралы. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | ұсынады. Өтімділік тәуекелін стресс-тестілеу нәтижелері туралы ақпаратты банктің директорлар кеңесіне, УАО-ға және банктің басқармасына беру мерзімдерін банк өтімділік тәуекеліне стресс-тестілеу өткізу кезеңділігіне қойылатын талаптарды ескере отырып өз бетінше айқындайды. | өтімділік тәуекелін басқаруды жүзеге асыратын бөлімшеге ақпарат | айына рет |
| 6. Нарықтық тәуекелді басқару ерекшеліктері | | | | | |
| 6.1 | Банк ағымдағы нарықтық жағдайға, банк операцияларының стратегиясына, көлеміне және қиындық деңгейіне сәйкес келетін нарықтық тәуекелді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді, меншікті капиталды өтеу үшін оның жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында топішілік операцияларды ескере отырып, банктің нарықтық тәуекелін анықтау, өлшеу, бақылау және оның мониторингін қамтамасыз етеді. Нарықтық тәуекелді бақылау жүйесі: | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Нарықтық тәуекелді басқару жүйесін ұйымдастырған кезде, банк ағымдағы нарықтық жағдайды талдайды, банк операциясының стратегиясын қарайды және қиындық мөлшері мен деңгейін ескереді және нарықтық тәуекелді | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1) нарықтық тәуекелді басқару саясатынан; 2) нарықтық тәуекелді анықтау, өлшеу, бақылау, мониторингі және оның рәсімдерінен; 3) басқарушылық ақпарат жүйесінен; 4) ішкі бақылаудан; 5) ішкі аудит басқармасының нарықтық тәуекелді басқару жүйесінің тиімділігін бақылаудан тұрады, бірақ олармен шектелмейді. | | басқару жүйесінің құрамдас бөліктерін қамтитын ішкі құжаттарды әзірлейді. | - | |
| | Банк нарықтық тәуекелді басқару саясатын әзірлейді, оған: 1) нарықтық тәуекелді басқару мақсаттары, міндеттері, қағидаттары; 2) банктің нарықтық тәуекелінің рұқсат берілген деңгейі; 3) нарықтық тәуекелді басқару процессінің қатысушылары, олардың есептіліктің құрылымды нақты айқындалған өкілдіктері және жауапкершілігі; 4) ақпараттың түрін, нысанын және ұсыну мерзімдерін қоса алғанда, нарықтық тәуекелді басқару процесі қатысушыларының арасындағы ақпарат алмасу тәртібі; 5) топішілік операцияларды ескере отырып, нарықтық тәуекел деңгейін анықтау, өлшеу, бағалау, мониторингі және бақылау тәртібі мен рәсімдері; 6) пайдалану мақсаттарын көрсете отырып, операцияларды жүзеге асыруға рұқсат берілген шетелдік валюталардың, қаржы құралдарының тізбесі; 7) қаржы құралдарына, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6.1.1 | оның ішінде көлеміне, құрамына және шарттарына қойылатын талаптар және критерийлер;<br>8) шарттардың, тарифтердің, рәсімдердің стандартты (үлгі) нысандарын әзірлеу талап етілетін қаржы құралдары бойынша мәмілелер түрі;<br>9) мына жағдайлар: қаржы құралдары құрылымының, олардың сандық және құндық көрсеткіштерінің өзгеруі; жаңа технологияларды және банк операциялары мен басқа мәмілелерді жүзеге асыру талаптарын, өзге қаржы инновациялары мен технологияларын әзірлеу және енгізу; жаңа нарықтарға шығу кезіндегі нарықтық тәуекелді басқару рәсімдері;<br>10) хеджирлеудің тиімділік (оңтайлылық) критерийлерін және құнын белгілеуді қоса алғанда, тәуекелдерді хеджирлеу әдістері мен критерийлері;<br>11) банктің қаржы құралдарын пайдаланудан түскен кірістілігі мониторингінің тәртібі және рәсімдері;<br>12) нарықтық тәуекелге байланысты залалдарды өтеуге капиталдың барбарлығын бағалау және қамтамасыз ету тәртібі мен рәсімдері;<br>13) тәуекелдерді басқару процессін жүзеге асыру шеңберінде нәтижелерін пайдалану тәртібін қоса алғанда, нарықтық тәуекелді бағалау мақсатында стресс-тестілеуді жүзеге асыру рәсімдері; | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Нарықтық тәуекелді басқару саясатын әзірлеген кезде банк мына факторларды ескереді, бірақ олармен шектелмейді:<br>банктің стратегиясы және қызметінің банк нарықтық тәуекелге ұшырайтын түрі;<br>банк тәуекелінің шекті деңгейі;<br>банк бизнесінің мөлшері, сипаты және қиындығы;<br>банктің нарықтық тәуекелге ұшырағыштық мөлшері және оның банктің қаржылық жағдайына әсер етуін бағалау;<br>тәуекелді бағалау нәтижесі, оның ішінде сезімталдықты және стресс-тестілеуді талдауды жүзеге асыру арқылы алынғандар;<br>банк бұрын қолданған нарықтық тәуекелді басқару рәсімдерінің тиімділігі;<br>нарықтық талаптардың кез келген әлеуетті ішкі ұйымдастырушылық өзгерістеріне және (немесе) сыртқы өзгерістеріне қатысты күтулер;<br>Қазақстан Республикасының заңнамасы. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 14) нарықтық тәуекел деңгейінің шекті деңгейін қолдауды қамтамасыз ететін лимиттер жүйесі, лимиттерді анықтау тәртібі, олардың валюталар, құралдар, операциялар бойынша түрлері;<br>15) нарықтық тәуекелге ұшырағыштықты ерте анықтау индикаторларының жүйесі, оның ішінде лимит алдындағы тәсілге негізделген жүйесі;<br>16) саясаттан, рәсімдерден, лимиттерден ауытқуды мақұлдау, бекіту, талдау және оның мониторингі;<br>17) ішкі құжаттарға өзгерістер енгізу рәсімдері және банктің нарықтық тәуекелге ұшырағыштық деңгейіне әсер ететін нарықтық жағдайлар өзгерген жағдайларда банктің рәсімдері кіреді, бірақ олармен шектелмейді. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| | Банк мыналар (бірақ олармен шектелмейді) арқылы нарықтық тәуекелді анықтайды, өлшейді, мониторингін және оны бақылауды жүзеге асырады:<br>1) банктің ашық позицияларының деңгейін және олардың банктің қаржылық жағдайына әсер ету нәтижелерін бағалау; | | Нарықтық тәуекелді анықтау, өлшеу, мониторингі және бақылау рәсімдерін әзірлеу кезінде банк мына факторларды ескереді, бірақ олармен шектелмейді:<br>1) банк бизнесінің мөлшерін, сипаттамасы және күрделілігін;<br>2) бастапқы ақпарат ретінде қолдану үшін нарықтық деректердің қолжетімділігі;<br>3) ақпараттық жүйелердің және олардың мүмкіндіктерінің жай-күйін;<br>4) нарықтық тәуекелді басқару процессіне тартылған қызметкерлердің біліктілігін және тәжірибесін.<br>Нарықтық тәуекелді | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6.1.2 | 2) нарықтық тәуекелді өлшеу үшін пайдаланатын тәсілдерді және әдістерді қолдану, оның ішінде сезімталдығын және стресс-тестілеуді талдау; 3) нарықтық тәуекелді өлшеу үлгілері мен әдістерінде қолданылатын болжамдарды әзірлеу; 4) лимиттер белгілеу, оның ішінде: VAR-лимиттер; залалдарды бақылау лимиттері; валюталық және пайыздық тәуекелдер лимиттері; қаржы құралдары бойынша шоғырландыруға арналған лимиттер. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | анықтау, өлшеу, мониторингі және бақылау рәсімдері: активтердің, міндеттемелердің, баланстан тыс позициялардың барлық түрлерін қамтиды; нарықтық тәуекелдің барлық түрлерін ( валюталық, баға тәуекелін және пайыздық мөлшерлеме тәуекелін) және олардың көздерін қамтиды; мөлшерлемелерді, бағаларды және басқа да нарықтық талаптарды қоса алғанда, нарықтық тәуекел деңгейіне әсер ететін факторлар өзгерістерін тұрақты негізде бағалауға және мониторингін жүргізуге мүмкіндік береді; нарықтық тәуекелді уақтылы сәйкестендіруге және нарықтық жағдайлардың қорлайсыз өзгерістеріне жауап ретінде шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| 6.1.2.1 | Банк нарықтық тәуекелді мыналарды: 1) пайыздық мөлшерлеме тәуекелін: ГЭП-талдауды жүзеге асыру; стресс-тестілеуді жүзеге асыру; пайыздық ГЭП-ке лимиттерді белгілеу арқылы басқаруды; 2) валюталық тәуекелді: банктің валюталық тәуекелін өлшеу, оның ішінде ашық валюталық позицияны есептеу; банктің өтімділігін басқару кезінде, атап айтқанда банк үшінші валютаны сатып алу үшін ұлттық және басқа валютаны пайдалануы кезінде валюталық тәуекелді | Банктің директорлар | Нарықтық тәуекелді басқару кезінде банк нарықтық тәуекелді басқару рәсімдерін банк қызметінде туындаған тәуекелдің шығу тегіне және қиындығына қарай белгілейді. Банк стресс-тестілеуді мынадай әдістерді (бірақ | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | есепке алу; валюталық бағамдар ауытқуының банктің қаржылық жай-күйіне әсерін бағалау арқылы басқаруды; 3) баға тәуекелін: мына лимиттерді (бірақ олармен шектелмейді): сауда және инвестициялық портфельдегі қағаздардың белгілі бір түрлерінің үлесіне лимиттерді; біртекті қаржы құралдарына лимиттерді; залалдарды бақылау лимиттерін белгілеу арқылы басқаруды қоса отырып басқарады. | кеңесі, УАО, банктің басқармасы | олармен шектелместен) пайдалана отырып жүргізеді: - сценарийлік талдау ( жылына 1 реттен кем емес); - сезімталдықты талдау ( жылына 2 реттен кем емес). | Банктің ішкі құжаттары | |
| 6.1.2.2 | Банк тұрақты негізде нарықтық тәуекелді басқару рәсімдерінің бэк-тестингін жүзеге асырады. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк бэк-тестингті нарықтық тәуекелді басқару рәсімдерінің сенімділігін және тиімділігін тексеру және қажет болған жағдайда оны жетілдіру үшін жүргізеді. Бэк-тестингтің нәтижелері нарықтық тәуекелді басқару рәсімдерін жетілдіру қажет болған кезде ұсыныстарымен бірге қарау үшін банктің басқармасына және УАО-ға және бекіту үшін банктің директорлар кеңесіне жіберіледі. | Директорлар кеңеснің хаттамасы/шешімі | жылы 1 рет |
| 6.1.3 | Банк мыналарды: әртүрлі алушылар ұсынылатын нарықтық тәуекелді басқару жөніндегі есептіліктің критерийлерін, құрамын және жиілігін, ақпараттың дайындалуына және тиісті алушыларға дейін жеткізілуіне жауапты тұлғаларды/ бөлімшелерді анықтайтын тәртіпті белгілеуден тұратын, бірақ шектелмейтін, басқарушылық есептің болуын қамтамасыз етеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжатты әзірлейді | Банктің ішкі құжаты | - |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6.1.3.1 | Банк басқарушылық есептің нысанын әзірлейді, ол мына: 1) нарықтық тәуекелдің ағымдағы жай-күйі туралы, оның ішінде банктің валюталар, қаржы құралдары бөлігіндегі ашық позициялары туралы; 2) валюталық позиция бойынша міндетті нормативтердің орындалу мониторингінің нәтижесі туралы; 3) банктің қаржы құралдарын қолданудан түскен кірістілік мониторингінің нәтижесі туралы; 4) стерсс-тестілеудің нәтижесі туралы; 5) нарықтық тәуекел туралы ертерек ескерту индикаторлары туралы; 6) нарықтық тәуекел бойынша ішкі лимиттер мен шектеулер және олардың орындалуы туралы; 7) саясаттан және лимиттерден ауытқу мониторингінің нәтижесі туралы; 8) банктің нарықтық тәуекелі деңгейіне әлеуетті әсер ететін ішкі және сыртқы экономикалық жағдайларды бағалау туралы; 9) бэк-тестинг нәтижелері туралы (жылына 1 реттен кем емес); 10) бар болса аудиторлық тексерулердің нәтижелері туралы ақпараттан тұрады, бірақ бұл ақпаратпен шектелмейді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ақпаратты ішкі құжаттарға сәйкес тиісті алушыларға жеткізеді. Ішкі құжатты әзірлеу кезінде банк ақпаратты банктің директорлар кеңесіне, УАО-ға және банктің басқармасына осы тармақтың талаптарына сәйкес толық көлемде ұсынылуын анықтайды. Нарықтық тәуекелді стресс-тестілеу нәтижелері туралы ақпаратты банктің директорлар кеңесіне, УАО-ға және банктің басқармасына беру мерзімдерін банк нарықтық тәуекелді стресс-тестілеу өткізу кезеңділігіне қойылатын талаптарды ескере отырып өз бетінше айқындайды. | банктің директорлар кеңесіне, УАО-ға ақпарат | тоқса кемінд |
| | | | | банктің басқармасына ақпарат | айына рет |
| | | | | нарықтық тәуекелді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшеге ақпарат | айына рет |
| 7. Капиталды басқару ерекшеліктері | | | | | |
| | Банк ағымдағы нарықтық жағдайға, банк операциясының стратегиясына, көлеміне және қиындық деңгейіне | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7.1. | сәйкес келетін капитал тәуекелін басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді, капиталды өтеу үшін оның жеткіліктілігін қамтамасыз ету мақсатында топ ішілік операцияларды ескере отырып банктің меншікті капиталының тәуекелін анықтауды, өлшеуді, бақылауды және оның мониторингін қамтамасыз етеді.<br>Капитал тәуекелін бақылау жүйесі<br>1) капитал тәуекелін басқару саясатынан;<br>2) капиталдың жеткіліктілік деңгейінің мониторингі және бақылау рәсімдерінен;<br>3) басқарушылық ақпарат жүйесінен;<br>4) ішкі бақылаудан;<br>5) ішкі аудит басқармасының капитал тәуекелін басқару жүйесінің тиімділігін бақылаудан тұрады (бірақ олармен шектелмейді). | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Капитал тәуекелін басқару жүйесін ұйымдастарған кезде, банк ағымдағы нарықтық жағдайды талдайды, банк операциясының стратегиясын қарайды және күрделлілік мөлшері мен деңгейін ескереді және капитал тәуекелін басқару жүйесінің құрамдас бөліктерін қамтитын ішкі құжаттарды әзірлейді. | - | - |
| | Банк капиталды басқару саясатын әзірлейді, ол мыналардан тұрады (бірақ олармен шектелмейді):<br>1) ағымдағы тәуекел-профильді және банкті дамытудың болашақтағы жоспарын, сондай-ақ кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелін және нарықтық тәуекелді және меншікті капиталға әлеуетті қажеттілікті анықтау үшін олардың өзара байланысын, банкке тиесілі тәуекелдерді стрес-тестілеудің нәтижесін ескере отырып ( бірақ олармен шектелмейді) меншікті капиталдың жеткіліктілігіне талдау | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7.1.1 | жүргізу бойынша рәсімдерден; 2) ағымдағы тәуекел-профильді және банкті дамытудың болашақтағы жоспарын, сондай-ақ кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелін және нарықтық тәуекелді, банкке тиесілі тәуекелдерді стрес-тестілеудің нәтижесін ескере отырып ( бірақ олармен шектелмейді) меншікті капиталдың жеткіліктілігін қамтамасыз ету рәсімдерінен; 3) капиталды басқару процесінің қатысушыларды, олардың есептілігіндегі құрылымды нақты белгілей отырып олардың өкілдіктерін және жауапкершіліктерін анықтаудан; 4) ақпарат ұсынудың түрін , нысанын және мерзімін қоса алғанда, капиталды басқару процессі қатысушыларының арасындағы ақпарат алмасу тәртібінен; 5) акцияларды бастапқы орналастырған кезде: акцияларды орналастыру басқасын белгілеу жөніндегі шешімдерді қабылдау процессінен; андеррайтерді тарту критерийлерінен және талаптарынан; уәкілетті органдарға және өзге мүдделі тұлғаларға/ұйымдарға ірі акционерлер үлесі мөлшерінің өзгеруі туралы хабарлау тәртібінен; қорландырудың әлеуетті ұзақмерзімді көздерін талдау рәсімдері (акциялар не облигациялар шығарылымы); акцияларды қайта сатып | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжаттарды әзірлейді. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алу және банк бұрын қайта сатып алған акцияларды орналастыру бойынша рәсімдер; жай және басымдылық берілген акциялар бойынша дивидендтерді есептеу және төлеу рәсімдері. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| 7.1.2 | Банк: 1) оның негізінде капиталдың жеткіліктілік деңгейін кезең-кезең бойынша бағалау және талдау жүргізілетін есептерді ағымдағы тәуекел-профильді және банкті дамытудың келешектегі жоспарларын, сондай-ақ стресс-тестілеу нәтижелерін есепке ала отырып дайындау; 2) меншікті капиталдың жеткіліктілік деңгейі мониторингі және оның құрылымы үшін уақтылы, нақты, ақпараттық басқарушылық есептілікпен қамтамасы ету рәсімдері; 3) жай және басымдылық берілген акциялар бойынша дивиденттерді есептеудің және төлеудің дұрыстығын бақылау рәсімдері арқылы меншікті капитал жеткіліктілігінің деңгейін бақылауды және оның мониторингін жүзеге асырады (бірақ олармен шектелмейді). | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжаттарды әзірлейді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| 7.1.3 | Банк мыналарды: әртүрлі алушылар ұсынатын капиталды басқару жөніндегі есептіліктің критерийлерін, құрамын және жиілігін; ақпараттың дайындалуына және тиісті алушыларға жеткізілуіне жауапты тұлғаларды/бөлімшелерді анықтайтын тәртіпті белгілеуден тұратын, бірақ белгілеумен шектелмейтін | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжатты әзірлейді. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басқарушылық есептің болуын қамтамасыз етеді. | | | Банктің ішкі құжаты | |
| 7.1.3.1 | Банк басқарушылық есептің нысандарын әзірлейді, ол мынадай:<br>1) резервтерде, серпінде құрылған меншікті капиталдың құрылымы және сапасы туралы;<br>2) меншікті капиталдың жеткіліктілігі бойынша міндетті нормативтердің орындалу мониторингінің нәтижесі туралы;<br>3) банктің ағымдағы тәуекелінің банктің меншікті капиталының жеткіліктілік деңгейіне әсер етуін бағалау туралы;<br>4) банк тәуекелдерін стресс-тестілеу нәтижелері және олардың жиынтық әсерінің банктің меншікті капиталының жеткіліктілік деңгейіне әсер етуін бағалау туралы;<br>5) банктің лауазымды тұлғаларына және олармен үлестес тұлғаларға тиесілі банк акцияларының саны туралы;<br>6) бар болса аудиторлық тексерулердің нәтижелері туралы ақпараттардан тұрады, бірақ бұл ақпараттармен шектелмейді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ақпаратты ішкі құжаттарға сәйкес тиісті алушыларға жібереді. Ішкі құжатты әзірлеу кезінде банк ақпаратты банктің директорлар кеңесіне, УАО-ға және банктің басқармасына осы тармақтың талаптарына сәйкес толық көлемде ұсынылуын айқындайды. Тәуекелдерді және олардың банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі деңгейіне жиынтық ықпалын стресс-тестілеу нәтижелері туралы ақпаратты банктің директорлар кеңесіне, УАО-ға және банктің басқармасына беру мерзімдерін банк тәуекелдерді және кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, нарықтық тәуекелді қоса ( бірақ олармен шектелмей), тәуекелдерді стресс-тестілеу өткізу кезеңділігіне қойылатын талаптарды ескере отырып дербес айқындайды. | банктің директорлар кеңесіне, УАО-ға ақпарат<br>банктің басқармасына ақпарат<br>мүдделі бөлімшелерге ақпарат | тоқса кемінд<br>айына рет<br>айына рет |
| 8. Рентабельділікті басқару ерекшеліктері | | | | | |
| 8.1 | Банк ағымдағы нарықтық жағдайға, банк операциясының стратегиясына, көлеміне және күрделілік деңгейіне сәйкес келетін рентабельділікті басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді және рентабельділік деңгейінің мониторингін және бақылауды қамтамасыз етеді.<br>Рентабельділікті басқару жүйесі: | Банктің директорлар кеңесі, УАО, | Рентабельділікті басқару жүйесін ұйымдастырған кезде, банк ағымдағы нарықтық жағдайды талдайды, банк операциясының стратегиясын қарайды және | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1) рентабельділікті басқару саясатынан; 2) рентабельділік деңгейінің мониторингі және бақылауы рәсімдерінен; 3) басқарушылық ақпарат жүйесінен; 4) ішкі бақылаудан; 5) ішкі аудит бөлімшесінің рентабельділікті басқару жүйесінің тиімділігін бақылаудан тұрады (бірақ олармен шектелмейді). | банктің басқармасы | күрделілік мөлшері мен деңгейін ескереді және рентабельділікті басқару жүйесінің құрамдастарын қамтитын ішкі құжаттарды әзірлейді. | - | |
| 8.1.1 | Банк рентабельділікті басқару саясатын әзірлейді , ол мыналардан тұрады, ( бірақ олармен шектелмейді): 1) рентабельділікті басқару қағидаттары; 2) бюджеттің кірістер мен шығыстар бойынша орындалуы мониторингі және бақылау рәсімдерінен; 3) рентабельділікті талдау үшін қызметтің негізгі көрсеткіштерінің тізбесінен және оларды есептеу тәртібінен; 4) рентабельділікті басқару процесінің қатысушыларын, есептіліктің құрылымын нақты белгілей отырып олардың өкілдіктерін және жауапкершілігін анықтаудан; 5) ақпараттың түрін, нысанын және ұсыну мерзімдерін қоса алғанда, рентабельділікті басқару процесіне қатысушылар арасында ақпарат алмасу тәртібінен. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжаттарды әзірлейді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| | Банк: 1) бюджеттің кірістер мен шығыстар бөлігінде орындалуына талдау жүргізу; 2) бюджеттен біршама ауытқу анықтаған жағдайда банктің іс әрекет | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8.1.2 | жасау тәртібі; 3) негізінде рентабельділік деңгейін мерзімді түрде бағалау және талдау жүргізілетін есептерді дайындау; 4) рентабельділік деңгейінің мониторингі үшін уақтылы, нақты, ақпараттық басқарушылық есептілікпен қамтамасыз ету рәсімдері арқылы (бірақ олармен шектелмейді) рентабельділік деңгейінің мониторингін және оны бақылауды жүзеге асырады. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжаттарды әзірлейді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| 8.1.3 | Банк мыналарды: әртүрлі алушылар ұсынылатын рентабельділікті басқару жөніндегі есептіліктің критерийлерін, құрамын және жиілігін; ақпараттың дайындалуына және тиісті алушыларға дейін жеткізілуіне жауапты банктің тұлғаларын (бөлімшелерін) анықтайтын тәртіпті белгілеуден тұратын, бірақ онымен шектелмейтін басқарушылық есептің болуын қамтамасыз етеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжатты әзірлейді. | Банктің ішкі құжаты | - |
| | Банк басқарушылық есептің нысанын әзірлейді, ол мына: 1) кірістер мен шығыстарды және олардың құрылымын талдау туралы; 2) бюджеттің кірістер мен шығыстар бөлігінде орындалуы туралы; 3) банк қызметі тиімділігінің, оның ішінде активтердің рентабельділігі, спрэд, таза пайыздық маржаның, капиталға қайтару нормасының, бір қызметкерге таза кірістің негізгі көрсеткіштері | | Банк ақпаратты ішкі құжаттарға сәйкес тиісті алушыларға жібереді. | банктің директорлар кеңесіне, УАО-ға ақпарат | тоқса кемінд |
| | | | | банктің басқармасына ақпарат | айына рет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8.1.3.1 | туралы;<br>4) банк рентабельділік деңгейіне:<br>залалды бақылау лимиттерін, өнімдер бойынша лимиттерді қоса алғанда (бірақ олармен шектелместен) банк белгілеген лимиттердің;<br>сыйлықақы тарифтері мен ставкаларының;<br>жаңа банк өнімдері мен қызметтерін енгізудің;<br>валюта бағамдары өзгеруінің;<br>стресс-тестілеу нәтижелерінің әсер ету нәтижелері туралы;<br>5) бар болса аудиторлық тексерулердің нәтижелері туралы ақпараттан тұрады, бірақ бұл ақпаратпен шектелмейді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Ішкі құжатты әзірлеу кезінде банк ақпаратты банктің директорлар кеңесіне, УАО-ға және банктің басқармасына осы тармақтың талаптарына сәйкес толық көлемде ұсынылуын айқындайды. | уәкілетті бөлімшелерге ақпарат | айына рет |
| 9. Операциялық тәуекелдерді басқару ерекшелігі | | | | | |
| 9.1. | Банк сыртқы операциялық ортаға, стратегияға, банк операциясы күрделілігінің мөлшері мен деңгейіне сәйкес келетін операциялық тәуекелдерді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді және меншікті капитал жеткіліктілігін оны жабу үшін қамтамасыз ету мақсатында банктің операциялық тәуекелді тиімді анықтауды, өлшеуді, оған мониторинг жүргізуді және бақылауды қамтамасыз етеді.<br>Операциялық тәуекелдерді басқару жүйесі:<br>1) операциялық тәуекелдерді басқару саясатынан;<br>2) операциялық тәуекелдерді анықтау, өлшеу, мониторинг жүргізу және бақылау рәсімдерінен;<br>3) басқарушылық ақпарат жүйесінен;<br>4) ішкі бақылаудан; | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк операциялық тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыру кезінде онда банк жұмыс істейтін сыртқы операциялық ортаны талдайды, стратегияны қарайды, банк операциясы күрделілігінің мөлшері мен деңгейін бағалайды және | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5) ішкі аудит бөлімшесінің операциялық тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауынан тұрады (бірақ олармен шектелмейді). Операциялық тәуекелді басқару жүйесі үш қорғаныш желісіне негізделеді: 1) банктің құрылымдық бөлімшелерінің операциялық тәуекелдерді басқаруы; 2) операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі тәуелсіз бөлімшесінің операциялық тәуекелдерді басқаруы; 3) ішкі аудит бөлімшесінің операциялық тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз тексеруі. | | операциялық тәуекелді басқару жүйесінің компоненттерін қамтитын ішкі құжаттарды әзірлейді. | - | |
| | Банк операциялық тәуекелдерді басқару саясатын әзірлейді, олар мынадай компоненттерден тұрады, бірақ олармен шектелмейді: 1) операциялық тәуекелдерді басқару мақсаты мен міндеттерінен ; 2) операциялық тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттарынан; 3) операциялық тәуекел оқиғаларының түрлерін жіктеу және операциялық тәуекелдердің негізгі түрлерінен; 4) банктің операциялық тәуекелінің шекті деңгейінен; 5) үш қорғаныш желісінің негізінде операциялық тәуекелдерді басқару процесінің қатысушыларын, олардың өкілеттігін, есеп берудің құрылымын нақты | | Банк операциялық тәуекелдерді басқару саясатын әзірлеген кезде кемінде мынадай факторларды: банктің стратегиясын және банкті операциялық тәуекелге ұшырататын қызмет түрлерін; банк бизнесінің мөлшерін, | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9.1.1 | анықтаумен жауапкершілігін анықтаудан;<br>6) операциялық тәуекелді анықтау өлшеу, мониторингі мен бақылау тәртібі мен рәсімдерін анықтаудан, оның ішінде:<br>а) операциялық тәуекелдің негізгі индикаторларын анықтаудан;<br>б) операциялық тәуекелдерді басқару рәсімдері мен тетіктерін анықтаудан;<br>7) ақпарат ұсыну түрлерін, нысандары мен мерзімдерін қоса алғанда, үш қорғаныш желісі бойынша операциялық тәуекелдерді басқару процесінің қатысушылары арасында ақпарат алмасу тәртібінен;<br>8) саясаттан, рәсімдерден, лимиттерден ауытқуларды мақұлдау, бекіту, талдауды және мониторинг жүргізу рәсімдерінен;<br>9) жаңа өнімдерді, қызмет түрлерін, процестер мен жүйелерді мақұлдау және (немесе) қолданыстағы өнімдерге, қызмет түрлеріне, процестер мен жүйелеріне маңызды өзгерістер енгізу тәртібі мен рәсімдерінен;<br>10) операциялық тәуекелдерді басқаруында кемшіліктер анықталған және (немесе) банктің операциялық тәуекелдің ұшырағыштығының деңгейіне әсер ететін талаптар туындаған жағдайда ішкі құжаттарға және рәсімдерге өзгерістер енгізу бойынша талаптардан;<br>11) клиенттерді қабылдау және қызмет көрсету бағдарламасы (customer acceptance policy). Банк | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | сипатын және күрделілігін;<br>банктің ұйымдық құрылымының күрделілігін;<br>банк қызметіне тән тәуекелдің деңгейін және түрлерін;<br>банктің операциялық тәуекелге ұшырағышты мөлшерін және оның банктің қаржылық жай-күйіне ықпалын бағалауды;<br>банк бұрын қолданған операциялық тәуекелді басқару рәсімдерінің тиімділігін;<br>кез келген әлеуетті ішкі ұйымдық өзгерістерге және (немесе) нарық шарттарының сыртқы өзгерістерге қатысты күтулерді;<br>Қазақстан Республикасының заңнамасын ескереді, бірақ олармен шектелмейді.<br>Банк операциялық тәуекелдерді басқару саясатын әзірлеген кезде банктің ішкі құжаттарында мыналар көрініс табуы тиіс екені болжанатын операциялық тәуекелдерді басқарудың негізгі принциптерін басшылыққа алады:<br>банк операцияларын және басқа мәмілелерді жасау тәртібі, қағидалары және рәсімдері;<br>ақпараттық және басқа жүйелердің жұмыс істеуі;<br>ішкі процесстерді ұйымдастыру, өкілеттіктерді, функционалдық міндеттерді бөлу;<br>нақты қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша, оның ішінде банк, оның филиалдары, қойма, сейфтер, құжаттар, мұрағаттар орналасқан | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | клиентті қызмет көрсету үшін қабылдау туралы шешім қабылдау рәсімдерін әзірлеу және іске асыру кезінде тәуекелдің тән факторларын ескереді;<br>12) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қаржы құралдары немесе қаржы активтері болып табылмайтын және кімнен болмасын талап ету құқығы жоқ криптография және (немесе) компьютерлік есептеу құралдарын қолдана отырып орталықтандырылмаған ақпараттық жүйеде құрылатын және есепке алынатын шамалармен операцияларды қоса алғанда, тәуекелі жоғары операцияларды жүргізуден бас тарту, сондай-ақ клиентпен іскерлік қарым-қатынастарды бұзу рәсімдері мен тәртібі тәуекелге тән факторларды ескере отырып әзірленеді. | | үй-жайға қойылатын талаптарды қамтитын шаралар;<br>ақпараттық технологияларды және ақпараттық қауіпсіздікті қорғау жөніндегі шаралар;<br>банк бөлімшелері мен қызметкерлерінің өзара іс-әрекет жасау тәртібі;<br>есептілік беру және ақпаратпен алмасу тәртібі. | Банктің ішкі құжаттары | |
| 9.1.2 | Банк үш қорғаныш желісінің негізінде операциялық тәуекелдерді басқару процессінің қатысушыларын анықтайды. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Бірінші қорғаныш желісін банктің құрылымдық бөлімшелері өзі қамтамасыз етеді. Бұл құрылымдық бөлімшелер басшыларының олардың қызметіне тән, оның ішінде қызметкерлерге, өнімдерге, процесстерге және жүйелерге байланысты операциялық тәуекелдерді анықтау, өлшеу, мониторингі жүргізу және бақылау үшін жауапкершілік атқаратынын білдіреді. Екінші қорғаныш желісін операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі тәуелсіз бөлімше қамтамасыз етеді. Үшінші қорғаныш желісін ішкі аудит бөлімшесі | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | банктің операциялық тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалау арқылы қамтамасыз етеді. | Банктің ішкі құжаттары | |
| 9.1.2.1 | Банк операциялық тәуекел бойынша тәуекел-үйлестірушілерді тағайындайды, олардың функциясына мыналар кіреді (бірақ олармен шектелмейді):<br>1) операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшемен өзара іс-әрекет жасау;<br>2) құрылымдық бөлімшесінің басшысына құрылымдық бөлімшесінің операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты және рәсімдерді сақтауы бойынша бақылауды жүзеге асыруына көмек көрсету;<br>3) құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттың және рәсімдердің талаптары туралы хабардар болуын қамтамасыз ету;<br>4) құрылымдық бөлімшеде операциялық тәуекелдерді өзін өзі бағалауды дайындауды және жүргізу үйлестіру;<br>5) операциялық тәуекелдер бойынша деректер базасында өз бөлімшесі шеңберінде операциялық тәуекелдің оқиғалары туралы ақпаратты толық және өз уақытында жинауды және беруді қамтамасыз ету;<br>6) тәуекелдің негізгі индикаторларын қалыптастыру үшін операциялық тәуекелді басқару жөніндегі бөлімшеге көмек көрсету;<br>7) тәуекелдің негізгі | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Операциялық тәуекелді басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін бірінші қорғаныш желісінде банктің құрылымдық бөлімшелерінде операциялық тәуекел бойынша тәуекел-үйлестірушілер тағайындалады, олардың операциялық тәуекелдерді басқару және ішкі аудит жөніндегі бөлімшелерімен өзара іс-әрекет жасау тәртібі анықталады. Операциялық тәуекел бойынша үйлестіруші тәуекелді тағайындаған кезде банктің мөлшері, қызмет түрі және бизнес-процестерінің және ұйымдық құрылымының күрделілігі ескеріледі. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | индикаторлары туралы ақпаратты толық және өз уақытында жинауды және операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшеге беруді қамтамасыз ету. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| 9.1.2.2 | Банк операциялық тәуекелді басқару жөніндегі тәуелсіз бөлімшені құрады, оның функциясына мыналар кіреді (бірақ олармен шектелмейді):<br>операциялық тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу, ендіру және тұрақты дамыту;<br>банктің операциялық тәуекел деңгейіне мониторинг жүргізу және бағалау, оның ішінде басқа қорғаныш желісінен алынатын ақпарат негізінде жүргізу;<br>есептілікті немесе өзге ақпаратты қалыптастыру және банктің директорлар кеңесіне, УАО және (немесе) банктің операциялық тәуекелді басқару жөніндегі басқармасына беру;<br>құрылымдық бөлімшелермен операциялық тәуекелді басқару мәселесі бойынша өзара іс-әрекет жасау және кеңес беру;<br>құрылымдық бөлімшенің қызметкерлерін оқыту мәселесін үйлестіру және операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттың және рәсімдердің талаптары туралы хабардар етуді қамтамасыз ету;<br>операциялық тәуекелдің оқиғалары туралы жиынтық есептіліктің қалыптастыруды жүзеге асыру және оларды жою бойынша іс-шаралар | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк операциялық тәуекелді басқару жөніндегі бөлімшенің бірінші қорғаныш желісін құрайтын құрылымдық бөлімшеден тәуелсіз болуын қамтамасыз етеді. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоспарының орындалуын қадағалау;<br>тәуекел-үйлестірушілердің деректер базасына операциялық тәуекелдер оқиғалары бойынша операциялық тәуекелдер жөніндегі ақпаратты уақтылы енгізілуін бақылауды жүзеге асыру;<br>операциялық тәуекелдерді өзін өзі бағалауды жоспарлау, жүргізуді үйлестіру және нәтижелерін талдау;<br>құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп операциялық тәуекелдің негізгі индикаторларын және олар бойынша шекті мәндерін әзірлеу;<br>сценарийлік талдау жүргізу бойынша жұмысты жоспарлау және үйлестіру;<br>тәуекелдер картасын әзірлеу және қалыптастыру;<br>операциялық тәуекелді бағалау құралдарына мерзімділік негізде (жылына кемінде 1 рет) салыстырмалы талдау жүргізу;<br>ішкі аудитпен өзара іс-әрекет жасау. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| | | | Операциялық тәуекелді анықтау, өлшеу, мониторинг жүргізу және бақылау рәсімдерін әзірлеген кезде банк мынадай факторларды ескереді, бірақ олармен шектелмейді:<br>1) банк бизнесінің мөлшерін, сипаты мен күрделілігін;<br>2) шығыс ақпараты ретінде пайдалану үшін ішкі және сыртқы деректеріне қолжетімділікті;<br>3) ақпараттық жүйелерінің жай-күйін және олардың мүмкіндіктерін; | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9.1.3 | Банк мыналар (бірақ олармен шектелмей) арқылы операциялық тәуекелді анықтайды, өлшейді, мониторингін және бақылауды жүзеге асырады: операциялық тәуекелге өздігінен бағалауды жүргізу; тәуекелдің негізгі индикаторларын қолдану; сценарийлік талдау жүргізу; тәуекелдер картасын қалыптастыру; шығындар бойынша ішкі деректерді жинауды және талдауды жүзеге асыру; шығындар бойынша сыртқы деректерді жинауды және талдауды жүзеге асыру; бизнес-процесстерді сипаттау (регламенттеу); аудиторлық тексерулер нәтижелерін пайдалану. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | 4) операциялық тәуекелді басқару процесіне тартылған қызметкердің біліктілігі мен тәжірибесін. Тәуекелдің негізгі индикаторлары ретінде: кадрлардың тұрақтамауы, қате операциялардың жиілілігі мен маңыздылығы , ақпараттық-технологиялық жүйелерінің тұрып қалуының ұзақтығы болып табылады. Шығындар бойынша ішкі деректерді жинау және талдау (шығындар бойынша деректер базасын енгізу) – операциялық тәуекелге ұшырағыштықты және операциялық шығындар туралы ақпарат негізінде ішкі бақылаудың тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін процесс. Шығындар туындаған жағдайларды талдау ірі шығындардың себептері туралы ұғымды және бақылау жүйесіндегі іркілістердің эпизодтық және жүйелі болып табылатыны не табылмайтыны туралы ақпаратты береді. Шығындар бойынша ішкі деректерді жинау және талдау – басқа ұйымдарда шығындар туындаған жағдай туралы ақпаратты жинау және талдау негізінде банктің тәуекелге ұшырағыштық дәрежесін бағалау процессі. Банк бақылау немесе тәуекелдер жүйесінде әлеуетті кемшіліктерді анықтау үшін шығындар туралы ішкі деректер мен шығындар туралы сыртқы деректерді салыстыра алады. Бизнес-процесстерді сипаттау (регламенттеу) – | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | шеңберінде құрылымдық бөлімшесін бірінші қорғаныш желісін құрайтын құрылымдық бөлімшелер бизнес-процесстердің негізгі кезеңдерін, қызмет түрлерін, ұйымдастыру функцияларын айқындайтын процесс. Бизнес-процесстерді сипаттау (регламенттеу) жекелеген тәуекелдерді, тәуекелдер арасындағы өзара тәуелділікті, бақылау және тәуекелді басқарудың кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік туғызады. Аудиторлық тексеру нәтижелері банктің операциялық тәуекелдерін басқару барысында ақпараттың қосымша көзі болып табылады. | Банктің ішкі құжаттары | |
| | | | Банк құрылымдық бөлімшелері арасындағы міндеттемелерді бөлу арқылы мыналарды: жаңа өнімдеріне, қызмет түрлеріне, процесстеріне және жүйелеріне тән немесе қолданыстағы өнімдерге, қызмет түрлеріне, процесстері мен жүйелеріне маңызды өзгерістер енгізілген жағдайда тәуекелдерді бағалауын; шығындарды және енгізуден пайданы талдауды жүзеге асыруын; банктің операциялық тәуекелдің шекті деңгейінің өзгерісін бағалауын; бақылаудың қажетті механизмдерінің, тәуекелді басқару процесінің болуын; қалдық тәуекелдер деңгейі туралы ақпараттың болуы; тәуекелдердің барлық түрлеріне тиісті лимиттерге немесе шектеулерге өзгерістер енгізуін; | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9.1.4 | Банк жаңа өнімдерін, қызмет түрлерін мақұлдау процессінің, процесстерінің және жүйелерінің болуын және/немесе қолданыстағы өнімдерге, қызмет түрлеріне, процесстері мен жүйелеріне маңызды өзгерістер енгізуін қамтамасыз етеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | жаңа өнімдеріне, қызмет түрлеріне, процесстеріне және жүйелеріне тән немесе қолданыстағы өнімдерге, қызмет түрлеріне, процесстері мен жүйелеріне маңызды өзгерістер енгізілген жағдайда тәуекелдерді анықтау, өлшеу, мониторинг жүргізу және бақылау үшін процедуралардың және әдістерінің болуын; жаңа өнімдерін, қызмет түрлерін, процесстерін және жүйелерін енгізу алдында немесе қолданыстағы өнімдерге, қызмет түрлеріне, процесстері мен жүйелеріне маңызды өзгерістер енгізілген жағдайда адам ресурстарына және банктің технологиялық инфрақұрылымына инвестицияларды жүзеге асыру бойынша банктің мүмкіндігін бағалауын қамтамасыз ететін жаңа өнімдерін, қызмет түрлерін мақұлдау рәсімдерінің, процесстерінің және жүйелерінің болуын және/немесе қолданыстағы өнімдерге, қызмет түрлеріне, процесстері мен жүйелеріне маңызды өзгерістер енгізуін қамтамасыз етеді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| 9.1.5 | Банк мыналардан тұратын бірақ олармен шектелмейтін: түрлі алушыларға ұсынатын операциялық тәуекелдерді басқару бойынша есептіліктің критерийлерін, құрамын және жиілілігін, ақпаратты дайындауға және тиісті алушыларға жіберуге жауапты | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Банк қалыпты сияқты сол сияқты стресстік жағдайда да операциялық мониторингін жүзеге асыру үшін операциялық тәуекелдерді басқару бойынша ақпаратты өз уақытында қалыптастыруды және беруді қамтамасыз ететін ішкі құжатты әзірлейді. Басқарушылық есептілікті мерзімді қалыптастыруды | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұлғаларды/бөлімшілерді анықтайтын тәртіпті белгілейтін қамтитын басқарушылық есептілік жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. | | және беруді анықтаған кезде банктің операциялық тәуекелдерге ұшырағыштығының деңгейі, сондай-ақ банктің операциялық қарқыны және сипаты ескеріледі. | Банктің ішкі құжаттары | |
| | Банк мынадай: қаржылық және операциялық көрсеткіштер туралы; ішкі қағидаларды және Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтамауына байланысты операциялық тәуекелдің оқиғалары туралы; ішкі оқиғалары, оның ішінде шешімді қабылдау үшін маңызды әсері бар нарығы және оқиғалары және шарттары туралы; банк тәуекелінің шекті деңгейінің, сондай-ақ банкте белгіленген шектердің және/немесе лимиттердің бұзушылығы туралы; тәуекелдер объектілер бойынша (қызмет бағыты) бөлігінде банкте операциялық тәуекелдер және шығындар туындаған соңғы маңызды жағдайлары туралы, операциялық тәуекелдің себептерін, оқиғалар типтерін, салдарын көрсете отырып, зиян мөлшері туралы; операциялық тәуекел туындаған бар жағдайлары бойынша қабылданатын түзету шаралары туралы және/немесе қабылданған шаралардың тиімділігін бағалау туралы; операциялық тәуекелді өзін өзі бағалау нәтижесі туралы; тәуекелдің негізгі индикаторлардың мониторингінің | | | банктің директорлар кеңесіне, УАО-ға, ақпарат | тоқса реттен |
| | | | | банктің басқармасына ақпарат | бір ай кем ем |
| | | | | мүдделі бөлімшелердің ақпарат | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9.1.5.1 | нәтижелері туралы; сценарлық талдау нәтижелері туралы; тәуекел картасы және салыстырмалы талдау нәтижелері туралы; аудиторлық тексеру нәтижелері туралы - бар болған жағдайда ақпаратты қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін басқарушылық есептіліктің нысандарын әзірлейді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Банк ішкі құжатқа сәйкес тиісті алушыларға дейін ақпаратты жібереді. Ішкі құжатты әзірлеген кезде банк банктің директорлар кеңесіне, УАО және банк басқармасына ақпаратты осы тармақтың талаптарына сәйкес толық көлемде беруін анықтайды. | | бір ай кем ем |
| 10. Банк қызметінің үздіксіздігін басқару ерекшеліктері | | | | | |
| | Банк ағымдағы нарықтық жағдайға, стратегияға, мөлшерге, банк операциялар күрделілігінің деңгейіне сәкес келетін банк қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесінің болуын | | Банк қызметінің үздіксіздігін басқару | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10.1 | қамтамасыз етеді. Қызметтін үздіксіздігін басқару жүйесі мынадай компоненттерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:<br>1) банк қызметінің үздіксіздігін басқару саясатын;<br>2) банк қызметінің үздіксіздігін басқару рәсімдері;<br>3) басқару ақпаратының жүйесі;<br>4) ішкі аудит бөлімшілері қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесінің тиімділігін бағалау. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | жүйесін ұйымдастырған кезде ағымдағы нарықтық жағдайды талдайды, стратегиясын қарайды және банк операциясы күрделілігінің мөлшерін және деңгейін бағалайды және қызмет үздіксіздігін басқару жүйесінің құрамдас бөліктерін қамтитын ішкі құжаттарын әзірлейді. | - | - |
| 10.1.1 | Банк мынадай процесстерін қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін банк қызметінің үздіксіздігін басқару саясатын:<br>1) талаптарды белгілеуді қоса алғанда ұйымдық қызметі және үздіксіз қызметіне банк қабілеттілігін бастапқы тексеруге дейін әзірлеуден қызмет үздіксіздігінің толық циклын;<br>2) қызмет үздіксіздігін қамтамасыз етуге қабілеттілігін қолдау, олар өзіне мыналарды қамтиды:<br>қызмет үздіксіздігін басқару;<br>қызмет үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларын қолдану бойынша жиі оқыту жүргізу;<br>өндірістік және технологиялық процесстерде, нарықтық/сыртқы жағдайларда маңызды өзгерістер туындаған жағдайда қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарын актуалдандыру.<br>Қызметтің үздіксіздігін басқару саясаты | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Қызмет үздіксіздігін басқару саясатын әзірлеген кезде банк банк қызметінің сипатын, көлемін, күрделілігін, географиясын және түрлері күрделілігін ескереді өзара байланысты салаларды және іскерлік ортаны ескереді. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: үздіксіз қызметін басқару мақсаты мен міндеттері; к ү р д е л і бизнес-процесстерді/ операцияларды анықтау бойынша банктің тәсілдері және критерийлері; банктің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіретін салдарының туындау қауіпіне байланысты күрделі оқиғалардың т і з б е с і ; қызметтің үздіксіздігін басқару процессінің қатысушылары, олардың өкілеттілігін және; қызмет үздіксіздігін қамтамасыз ету және қолдау бойынша іс-шаралар. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| 10.1.2 | Банк қызметтің үздіксіздігін мынадай рәсімдерді басқарады, ( бірақ олармен шектелмейді): 1) банк қызметіне әсер етуін талдау; 2) қызметтің күрделі түрлерін сәйкестендіру; 3) қызметтің күрделі түрлерін қолдау үшін қажетті ресурстарды а н ы қ т а у ; 4) күтпеген жағдайлардың тәуекелдерін талдау; 5) күтпеген жағдайлардың тәуекелдерін басқару шараларын анықтау; 6) қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша жоспарды/жоспарларды әзірлеу. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, б а н к басқармасы | Банк ішкі құжаттарды әзірлейді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| | | | Банк қызметіне ықпал етуді талдау қызметтің күрделі түрлерін қалпына келтірудің уақытша шектеулерді анықтау үшін, сондай-ақ күтпеген жағдайда негізгі қызметті жаңартуға және жалғастыруға қажетті | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10.1.2.1 | Банк банктің ішкі құжатында анықталған әдісі бойынша мыналар: бүлінулерге әсерін қызметкерге кеткен шығындарды, үй-жайларды, банк технологияларын немесе ақпаратын; заңнамалық талаптарының бұзушылығына ықпалын; беделінен айырылуды бағалау арқылы жүзеге асырылатын қызметке әсер етуін талдауды жүзеге асырады. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | ресурстарды анықтау үшін жүргізіледі (күрделі ресурстарды). Қызметке ықпал етуін талдау жүргізу үшін банк, ( бірақ олармен шектелмейді ) : 1) күрделі өнімдерді беру тұруына байланысты ықтимал шығындардың көлемін бағалайды; 2) сәйкестендіру арқылы қызметтің әрбір түрінің тұруының барынша қолайлы кезеңін белгілейді: шегінде қызмет жаңартылатын барынша уақыт кезеңі; шегінде қызметті жүзеге асырудың қалыпты деңгейі жаңартылатын уақыт кезеңі ; 3) күрделі өнімдері мен қызметтерді ұсыну үшін белгіленген мерзімде ең аз жұмыс істеу күйінде үздіксіз қолдауа және/ немесе жаңарту қажет қызметті орындау түрлері мен деңгейін, активтерін немесе өзге де ресурстарын анықтайды; 4) апат режимінде қызметтің күрделі түрлерін қалпына келтіру және одан әрі жүзеге асыру үшін ең қажетті ресурстардың көлемін анықтайды; 5) қызметтің әрбір күрделі түрлерін мақсатты қалпына келтіру уақытын белгілейді . Мақсатты қалпына келтіру уақыты тиісті өнімнің немесе қызметтің тұруы барынша шекті уақытынан кем болуы тиіс; 6) деректерді резервтеудің соңы және қызметтің күрделі түрінің тұруы басталғаны арасындағы қалпына келтірудің мақсатты нүктесін белгілейді; 7) басымдылықты белгілей | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | отырып мақсатты қалпына келтіру уақыты бойынша қызметтің күрделі түрлерін ранжирлейді;<br>8) жеткізушілерді, контрагенттерді, басқа мүдделі тараптарды анықтайды оларға банк қызметінің күрделі түрлері және күтпеген жағдайлар басталған кезде банке қалай көмек көрсете алатыны тәуелді болады. | Банктің ішкі құжаттары | |
| 10.1.2.2 | Банк қызметтің күрделі түрлерін сәйкестендіреді | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Талдау барысында қызметке әсері сәйкестендірілген залалы қысқа мерзімді уақыт кезеңде банке жағымсыз әсерін тигізетін және қысқа мерзімде қалпына келтіруге жататын қызметтің күрделі түрі болып табылады. | Банктің ішкі құжаттары | |
| | | | Қызметтің күрделі түрлерін қолдауға қажетті ресурс ретінде қызметкерді анықтау үшін банк мыналарды:<br>қызметтің күрделі түрлерін қолдауға қажетті қызметкерлер санын;<br>апаттық режимінде жұмыс істей үшін осы қызметкерлердің қажетті дағдылары мен міндетін анықтайды.<br>Қызметтің күрделі түрлерін қолдауға қажетті ресурс ретінде үй-жайды анықтау үшін банк мыналарды:<br>негізгі және баламалы алаңдарын;<br>жоғары деңгейде қорғауды талап ететін үй-жайды анықтайды.<br>Қызметтің күрделі түрлерін қолдауға қажетті ресурс ретінде технологияларды анықтау үшін банк мыналарды:<br>қызметтің күрделі түрлерін қолдайтын ақпараттық технологиялық қызметтерін;<br>қызметтің күрделі түрлерін | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10.1.2.3 | Банк мыналарды қамтитын , бірақ олармен шектелмейтін қызметтің күрделі түрлерін қолдауға қажетті ресурстарды анықтайды:<br>1) қызметкер;<br>2) үй-жай;<br>3) технологиялар;<br>4) ақпарат;<br>5) жеткізушілер, сыртқы қызметтер және жабдықтар;<br>6) қаржылық ресурстар. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | қолдайтын телекоммуникациялық қызметтерін;<br>қызметтің күрделі түрлерін қолдайтын басқа да технологияларды, оның ішінде периметрді қорғау, инкассация технологияларын анықтайды.<br>Қызметтің күрделі түрлерін қолдауға қажетті ресурс ретінде ақпаратты анықтау үшін банк мыналарды:<br>қызметтің күрделі түрлерін орындауға қажетті, банктің ішкі құжаттарды қоса отырып ақпаратты;<br>қалпына келтіруді талап ететін ақпараттың көлемін (мақсатты қалпына келтіру нүктесі);<br>осы ақпаратты сақтау, қорғау және қалпына келтіру әдістерін анықтайды.<br>Қызметтің күрделі түрлерін қолдауға қажетті ресурс ретінде жеткізушілерді, сыртқы қызметтерді және жабдықтарды анықтау үшін банк жеткізушілерді, сыртқы қызметтерді және жабдықтарды анықтайды, олар қызметтің күрделі түрлерін орындауға тәуелді болады.<br>Қызметтің күрделі түрлерін қолдауға қажетті ресурс ретінде қаржылық ресурстарды анықтау үшін күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда банк қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету және қалпына келтіру жоспарын орындау үшін әлеуетті қол жетімді қаржылық ресурстардың көлемін анықтайды. | Банктің ішкі құжаттары | |
| | | | Күтпеген жағдайлардың тәуекелін талдау қызметтің күрделі түрлерінде және олар пайдаланатын | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10.1.2.4 | Банк күтпеген жағдайлардың күтпеген жағдайлардың тәуекелдерін талдауды жүзеге асырады | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | ресурстарда қауіпі мен әлсіздігін бағалауға мүмкіндік береді. Ресурстарға жағымсыз әсерін тигізетін қауіпі ретінде банк мыналарды қарайды, бірақ олармен шектелмейді: қызметкерлердің тапшылығын; технологиялардың, оның ішінде ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың (компьютерлік вирустары, компьютерлік аппараттық құралдары, байланыс залалы) тапшылығын; жабдықтың тапшылығын (су, электр); үйге/үй жайларға кіру рұқсаты болмауы; негізгі жеткізушілердің, қарсы агенттің тапшылығы; негізгі ақпараттың қол жетімсіздігі; қаржы ресурстарын қол жетімсіздігі. | Банктің ішкі құжаттары | |
| | | | Күтпеген жағдайлардың тәуекелдерді басқару шараларын таңдаған кезде банк қызметіне әсерін талдау нәтижелерін, оның ішінде қалпына келтіру жұмыстарында қатысатын ішкі жеткізушілермен, ішкі қарсы агенттерімен (салымшылармен, кредиторлармен), банк акционерлерімен, уәкілетті органмен және өзге де өкімет органдарымен, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен және басқа да мүдделі тараптармен өзара іс-әрекет жасау тәртібін банк ескереді және анықтайды. Күтпеген жағдайлардың тәуекелдерін басқару шараларын таңдаған кезде банк мынадай факторларды ескереді, бірақ олармен шектелмейді: | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қызметтің күрделі түрінің тұруының барынша қолайлы кезеңі; қызметтің үздіксіздігін және қалпына келтіруін қамтамасыз ету жоспарын іске асыруға шығындары; әрекетсіздігінің салдары; іске асырудан тәуекелінің шынайылығы және шығын шамасы; үздік қызметін басқару жүйесінің белгіленген мақсаттарымен келісілушілігі; банк тәуекелдерін басқару бойынша саясатымен және рәсімдерімен келісілушілігі. Банк өз қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін негізгі білімдері мен құзыреттілігін қолдау бойынша шараларды анықтайды. Бұл шаралар мынадай нұсқаларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: қызметтің күрделі түрлерін жүзеге асыру тәртібін регламенттеу; қызметкерлер жетпеген жағдайда функцияларын қайта бөлу үшін күнделікті қызметте пайдаланбайтын қызметкердің қосымша құзыретінің тізімін енгізу; қызметкерді кросс-функционалдық тренингтерді жүргізуді қоса алғанда қосымша кәсіби дағдыларға оқыту; қызметкердің қажетті санын қалпына келтіру. Банк негізгі үй-жайлардың жоқ болуына байланысты күрделі өнімдері мен қызметтерді ұсынуға әсерін төмендету бойынша шараларды анықтайды. Бұл шаралар мынадай нұсқаларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: баламалы үй-жайларды | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10.1.2.5 | Банк мынадай негізгі ресурстарды қамтитын күтпеген жағдайлардың тәуекелдерін басқару шараларын анықтайды ( бірақ олармен шектелмей): 1) қызметкер; 2) үй-жай; 3) технологиялар; 4) ақпарат; 5) жеткізушілер, қарсы агенттерді және жабдық каналдарын. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | ұсыну; банктің басқа да үй-жайларға қызметкерді ауыстыру; күрделі емес жұмысты орындайтын қызметкерлердің жұмыс орындарын пайдалану; үйдегі немесе қашықтағы үй-жайлардағы жұмыс. Барабар үй-жайды таңдаған кезде банк мынадай ерекшіліктерді ескереді, бірақ олармен шектелмейді: үй-жайдың қорғалуы; үй-жайға кіру рұқсаты; негізгі үй-жайға жақындығы; қажетті коммуникациялардың болуы. Банк мыналарды қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпараттық-технологиялық және коммуникациялық қызметтерде жұмыс істеу қабілеттілігін қолдау бойынша шараларды анықтайды: банк ішінде ақпараттық-технологиялық және коммуникациялық қызметтерді ұсыну; барабар үй-жайдан ақпараттық-технологиялық және коммуникациялық қызметтерді ұсыну; бөгде ұйымдардың ақпараттық-технологиялық және коммуникациялық қызметтерді ұсыну. Ақпараттық-технологиялық және коммуникациялық қызметтерді қалпына келтіру бойынша шаралар негізгі ақпараттық-технологиялық және коммуникациялық қызметтерді қалпына келтірудің мақсатты | Банктің ішкі құжаттары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | уақытына сәйкес келеді және мыналарды қамтиды: "Негізгі резерв" - технологиялық шешімдерді бөлу және резервтеу, бұл негізгісі бұзылған жағдайда қосалқы алаңында ақпараттық-технологиялық және телекоммуникациялық қызметін үздіксіз беруді қамтамасыз етеді; "Қалыпты резерв" - ақпараттық-технологиялық және телекоммуникациялық инфрақұрылымымен жартылай жабдықталған қосалқы алаңында технологиялық шешімін қалпына келтіру; "Бастапқы резерв" - қосалқы алаңда "нөлден бастап" ақпараттық-технологиялық және телекоммуникациялық инфрақұрылымын қалпына келтіру; "Жедел жеткізулер" - қосымша жабдықты жедел жеткізуге сыртқы жеткізушімен шарт жасау; "Құрамды стратегия" - жоғарыда көрсетілген нұсқалардан тұратын стратегия.<br>Банк күрделі оқиға болған жағдайда қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпараттың бүтіндігін, қол жетімділігін және конфиленциалдылығын қамтамасыз етеді.<br>Ақпаратты сақтау және қалпына келтіру тәсілі қызметке әсерін талдау нәтижесінде келісіледі және мыналарды ескереді: қалпына келтірілетін ақпараттың көлеміне қойылатын талаптарды, мақсатты нүктелерін және | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ақпаратты қалпына келтіру мерзімдерін; ақпараттың сақталуы мен ұсынуды қорғау; қалпына келтіру механизмінің тәсілі мен сенімділігі; резервтелетін ақпараттың жиілігі мен көлемі. Банк пайдаланылатын ресурстардың тізбесін ( материалдық жабдықты, қаржы ресусртарын) және олардың болуын, оның ішінде мыналарды: қойма үй-жайларда қосымша ресурстарды, оның ішінде технологиялық және телекоммуникациялық жабдықты сақтауды; қоймада ресурстарды мерзімді жеткізу/ауыстыру туралы жеткізушімен келісуді; ресурстардың барабар жеткізушілердің болуын қамтитын күрделі оқиғалар болған жағдайда сыртқы жеткізушілерден және қарсы агенттерден және өзге де мүдделі тұлғалардан қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды анықтайды. | | |
| | Банк қызмет үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша жоспардың/жоспарлардың болуын қамтамасыз етеді, олар: 1) жауапты тұлғаларға түсінікті болу; 2) жауапты тұлғалары пайдалану үшін қол жетімді орында болу; 3) қызметтің үздіксіздігін басқару саясатына сәйкес келетін мақсаты және қолдану саласы, мыналарды: банк қызметінің күрделі түрлерінің тізімін, сондай-ақ оның ішінде қалпына келтіруді талап | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ететін тұрудың барынша шекті уақытын; осы қызмет түрлерінің, оның ішінде ақпарат технологиялары және телекоммуникациялар үшін мақсатты қалпына келтіру уақыты; беделінен айырылу тәуекелін азайту бойынша шараларын қоса алғанда болу;<br>4) сыртқы ұйымдармен іс-әрекеттерімен келіседі;<br>5) қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуінде және қалпына келтіруінде қатысатын қызметкердің жауаптылығын және функциясын сипаттауды қамту;<br>6) активтендіру схемасы болу, оның ішінде: активтендіруді және жоспарды активтендіру талап етілетін жағдайларды растауға жауапты қызметкердің тізімін қоса алғанда активтендіру туралы шешімді қабылдау рәсімі; жоспарды активтендіру туралы ақпараттандырылатын қызметкердің тізімі;<br>7) сыртқы және ішкі коммуникациялардың схемасы мыналарға назар аудара отырып болу: күрделі өнімдерді және қызметтерді қалпына келтіруде және апаттық беруде қатысатын қызметкерлердің командасы ішіндегі коммуникацияларға; үздіксіз қызметті қамтамасыз етуге қатысатын ішкі ұйымдармен коммуникацияларға; уәкілетті органдармен коммуникацияларға; БАҚ және клиенттермен | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 10.1.2.6 | коммуникацияларға; қалпына келтіру барсында қарсы агенттермен және мүдделі тараптармен коммуникацияларға; коммуникация әдісіне; 8) қызметтің күрделі түрлерін қалпына келтіру және апаттық беру үшін уақыттың түрлі сәтте қажетті ресурстардың және жеткізушілердің ең аз көлеміне қойылатын талаптарды қамту; 9) қызметтің күрделі түрлерін қалпына келтіру және үздіксіз беру бойынша іс-әрекеттердің жүйелілігін қамту, оның ішінде: қалпына келтіру барысында бөгде ұйымдарды тарту схемасы; банк қызметін қалпына келтіру барысында қарсы агенттерді және банктің мүдделі тұлғаларды тарту схемасы; банк қыметінің күрделі түрлерінің жүйелілігі және қалпына келтіру орны; күрделі ақпараттық-технологиялық қызметтердің мерзімдері мен қалпына келтіру орындары, сондай-ақ оларды қалпына келтіру бойынша іс-әрекеттердің жүйелілігі, оның ішінде жаңа ғимаратта желілік инфрақұрылымын қалпына келтіру, негізгі функционалдылықты қалпына келтіру, қосымшалары және деректер базасы, синхрондау, резервтік көшіру, телекоммуникация; қажетті ресурстардың мерзімі және жұмылдыру орындары. 10) барлық қажетті бөлшектерді, оның ішінде | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Үздіксіз қызметін қамтамасыз ету бойынша жоспар - қысқа (апат) деңгейінде бұрын келісілген банк қызметінің күрделі түрлерін жедел жаңарту және беру үшін сыни оқиғалар уақытында және немесе одан кейін қолданылатын іс-шаралар кешенін жүзеге асыру мақсатын, міндетін, тәртібін және мерзімдерін анықтайтын жоспар (жоспарлар). | Банктің ішкі құжаттары | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қосымша үй-жайларды орналастыруын, жол жүру бағытын, уәкілетті органның және өкімет органдарының банк қызметін қалпына келтіруде қатысатын ұйымдардың байланысуын, сондай-ақ олармен байланыс тәсілдерін қамту;<br>11) жұмыс барысы, қабылданған шешімдері және қабылданған шаралары туралы негізгі ақпаратты құжаттау әдісін қамту;<br>12) мына схемаларды: апат режимінде жұмысты аяқтау туралы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін критерийлерді қоса алғанда жұмыстың апат тәртібін жою; күн сайын жұмыс істеу режиміне көшу; күтпеген жағдайлар салдарынан таратудан кейін ішкі банктік процесстерді бұзылуын қалпына келтіру;<br>13) қолдауға және қайта қарауға жауапты жоспардың жалғыз иесі болу тиіс. | | | | |
| | | | Банк анықтау мақсатында қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша жоспарларды тестілейді: қызметтің күрделі түрлері сыни оқиғаның күрделілігінен байланыссыз қорғалу; осы жоспарлар банк қызметін қамтамасыз етеді.<br>Банк:<br>банк қызметінде тестілеуді маңызды өзгерістер болған жағдайда жүзеге асырады; жалпы жүйе сенімділігін тексеру мақсатында сол сияқты жиынтығында да қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесінің жеке | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10.1.2.6.1 | Банк қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша жоспарды мерзімді тестілеуді жүзеге асырады. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | элементтері сияқты тестілеуді жүзеге асыру, сынақ жүргізу барысында туындайтын сыни оқиғалар әсерін азайтылатын тестілеуді жоспарлау жүзеге асырады; әрбір тестілеудің мақсаты мен міндетін анықтайды; қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша жоспарларды әзірлеуге жауапты банк қызметкерлерінің, ішкі бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлер және қажеттілігі болған жағдайда банк қызметінің үздіксіздігін және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында консультациялық қызмет көрсетуінде мамандандырылатын ұйымның тәуелсіз мамандары арасынан бақылаушылар тобын анықтайды. Бақылаушылар (тестілеу бақылаушылар) тобы мыналарды жүзеге асырады:<br>әрбір тесттің орындалуын бақылау;<br>тестілеу нәтижелерін бағалау;<br>тесттерді жүргізу, оның нәтижесі және қажетті түзету іс-әрекеттерін қоса алғанда пікірлері туралы туралы хаттама жасау;<br>қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша жоспарларды тестілеуде жұмылдырылған банк бөлімшесінің басшыларымен хаттаманы келісуді.<br>тексерудің келісілген хаттамасының негізінде, оның ішінде тестілеу нәтижелерін талдауды қамтиды, оның ішінде тестілеу нәтижелерін талдауды, анықталған | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстарды және банк қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесінің басқа да элементтерін жою бойынша ұсыныстарды қамтиды. Қызмет үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша жоспарларды жетілдіру бойынша қажеттілігі болған кезде ұсыныстармен тестілеу нәтижелері банк басқармасына және УАО қарау үшін және банктің директорлар кеңесіне - бекіту үшін жібереді. | | жылы кем ем |
| 10.1.3 | Банк мыналарды анықтайтын, бірақ олармен шектелмейтін тәртіпті белгілеу қамтитын басқарушылық ақпарат жүйесінің болуын қамтамасыз етеді: түрлі алушыларға ұсынылатын банк қызметінің үздіксіздігін басқару бойынша есептіліктің критерийлерін, құрамын және жиілілігін, тиісті алушыларға дейін ақпаратты дайындауға және жеткізуге жауапты тұлғаларды/бөлімшелерді | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Банк ішкі құжатты әзірлейді. | Банктің ішкі құжаттары | |
| 10.1.3.1 | Банк басқарушылық есептіліктің нысанын әзірлейді, олар мынадай ақпаратты қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін: банк қызметіне әсерін талдау нәтижелері туралы; күтпеген жағдайлар тәуекелдерін талдау нәтижелері туралы; банк қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша жоспарларды тестілеу нәтижелері туралы; қабылданатын түзету шаралары және/немесе қабылданған шаралардың тиімділігін бағалау туралы | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банк басқармасы | Банк ішкі құжатқа сәйкес тиісті алушыларға дейін ақпарат жібереді. Ішкі құжатты әзірлеген кезде банк ақпаратты банктің директорлар кеңесіне, УАО және банк басқармасына осы тармақтың талаптарына сәйкес толық көлемде беруді анықтайды. | Банктің директорлар кеңесіне, УАО-ға, банк басқармасына, уәкілетті бөлімшелерге ақпарат | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ;<br>аудиторлық тексеру нәтижелері туралы - бар болса. | | | | жылы<br>кем ем |
| 11. Ақпараттық технология тәуекелдерін басқару ерекшеліктері | | | | | |
| 11.1 | Банк сыртқы операциялық ортаға сәйкес келетін ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жүйесін, стратегияны, ұйымдастыру құрылымын, мөлшерін, банк операциясының сипатын және күрделілік деңгейінің болуын және мыналарды қамтамасыз етеді: ақпараттың тиімділігін, конфиденциалдылығын, бүтіндігін, қол жетімділігін, ақпараттың шынайылығын және оның Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкестігін;<br>қосымшаларды, ақпаратты, инфрақұрылымды және қызметкерлерді қоса алғандағы, ресурстардың жеткіліктілігін;<br>банк қызметінде ақпараттық технологиялармен байланысты тәуекелдерді барынша төмендетуді. Ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жүйесіне мыналар қосылады, бірақ онымен шектелмейді:<br>1) ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару саясаты;<br>2) ақпараттық технологиялардың тәуекелдерді басқару рәсімдері;<br>3) ақпаратты басқару жүйесі;<br>4) ішкі бақылау;<br>5) ақпараттық технологиялардың тәуекелдерді басқару | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жүйесін ұйымдастыру кезінде банк өзі жұмыс жасап тұрған сыртқы операциялық ортаны талдайды, стратегиясын, банктің ұйымдық құрылымын қарайды, банктік операциялардың мөлшеріне, сипатына, күрделілік деңгейіне баға береді және ақпараттық технологиялардың тәуекелдерін басқару жүйесінің құрамдас бөліктерін қамтитын ішкі құжаттарды әзірлейді. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүйесінің тиімділігін ішкі аудит бөлімшесінің бағалауы. | | | - | |
| 11.2 | Банк ақпараттық технологиялардың тәуекелдерін басқару жүйесінің мынадай қатысушыларын анықтайды (бірақ олармен шектелмейді): ақпараттық технологиялардың тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесі немесе банктің ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқаруды басқару және үйлестіру үшін жауапты қызметкері; ақпараттық технологиялар бөлімшесі. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжаттарды әзірлейді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| | Банк мынадай функцияларды атқару үшін ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшені құрады немесе банктің ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты қызметкерін тағайындайды: ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жүйесін әзірлеу, енгізу және тұрақты дамыту; ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жөніндегі рәсімдерді әзірлеу; банк стратегиясын іске асырудың ақпараттық технологияларды дамыту бөлігі бойынша іс-шаралар жоспарларын әзірлеуге қатысу; ақпараттық технологиялар саласындағы процестерді талдау; ақпараттық технологиялар тәуекелдері деңгейін | | Банк ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшені құру кезінде немесе банктің ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты қызметкерді тағайындау кезінде ақпараттық | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11.2.1 | мониторингтеу және бағалау; ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша банктің құрылымдық бөлімшелерімен өзара қарым-қатынас жасау және кеңес беру; ақпараттық технологиялар тәуекелдерінің өзін-өзі бағалау қорытындыларын өткізуін және талдауын жоспарлау; тәуекелдер карталарын әзірлеу және қалыптастыру; ақпараттық технологиялар тәуекелдерінің оқиғалары туралы жиынтық есептілікті қалыптастыруды жүзеге асыру және оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын атқару мониторингі; ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жөнінде есептілікті немесе өзге ақпаратты қалыптастыру және Директорлар Кеңесіне, УАО және/немесе банк Басқармасына ұсыну; ішкі аудитпен өзара қарым-қатынас жасау. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | технологиялар тәуекелдерін басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшенің немесе банктің ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты қызметкерінің банктің ақпараттық технологиялар жөніндегі құрылымдық бөлімшелерінен және ақпараттық қауіпсіздік бөлімшелерінен тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| 11.2.2 | Банк ақпараттық технологиялар бойынша мынадай функцияларды орындайтын, бірақ онымен шектелмейтін құрылымдық бөлімшені құрады: ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жөніндегі рәсімдерін іске асыратын; ақпараттық технологияларды дамыту бөлігіндегі банк стратегиясын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейтін; ақпараттық технологиялар | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжаттарды әзірлейді. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | саласындағы процестерді анықтайтын; автоматтандыру және қолдау көрсету жөніндегі рәсімдерді әзірлейтін. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| 11.3 | Банк мыналар құрамында бар ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару саясатын әзірлейді, бірақ онымен шектелмейді: 1) ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару мақсаттары, міндеттері және принциптері; 2) ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқарудың негізгі салалары (тәуекелді бейімдеу тәсілі); 3) ақпараттық технологиялар тәуекелдерімен байланысты қауіп-қатердің негізгі түрлері; 4) ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жүйесінің есептілік құрылымын нақты айқындай отырып, қатысушыларын, олардың өкілеттіктерін, жауапкершіліктерін анықтау; 5) ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару тәртібі мен рәсімдері; 6) ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару функцияларын жүзеге асыратын бөлімше қызметкерлерінің кәсіби сапасына қойылатын талаптар. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару саясатын әзірлеу кезінде мыналарды ескереді, бірақ онымен шектелмейді: банк қызметінің барлық түрі; банк қызметінің ерекшелігі, мөлшері, сипаты және күрделілігі; банктің ұйымдық құрылымы. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| | Банк ақпараттық технологиялар тәуекелдерін мыналар арқылы анықтайды, өлшем жасайды, мониторинг пен бақылауды жүзеге | | Ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару рәсімдерін әзірлеу кезінде банк мынадай факторларды ескереді, бірақ онымен шектелмейді: | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11.4 | асырады (бірақ олармен шектелмейді): ақпараттық технологиялар саласында тәуекелдерді басқару әдіснамасын қолдану; тәуекелдерді басқару әдіснамасының жобаларын қолдану; ақпараттық технологияларды дамыту бөлігіндегі банктің стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | 1) банк бизнесінің мөлшерін, сипатын және күрделілігін; 2) ақпараттық жүйенің, технологиялардың және олардың мүмкіндіктерін, оның ішінде бизнесті дамытуды ескергендегі жай-күйлерін; 3) ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару процесіне қамтылған қызметкердің біліктілігін және тәжірибесін. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| 11.4.1 | Банк ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқарады және стратегияға сәйкес келетін ақпараттық технологиялар саласындағы тәуекелдерді басқару әдіснамасын әзірлейді және мыналарды енгізеді және онымен шектелмейді: 1) ақпараттық технологиялар тәуекелдерінің әрқайсысын бағалаудың ішкі және сыртқы факторларын анықтау; 2) ақпараттық технологиялар тәуекелдерінің ішкі оқиғалары туралы мәліметтерді жинау, тіркеу және сақтау; 3) оқиғаларды сәйкестендірудің корпоративті, нормативтік, технологиялярлық, шарттық, кадрлық және операциялық аспектілерін қоса алғанда, мақсатқа әлеуеттік теріс ықпал ету тұрғысынан немесе банктің ағымдық қызметіне (мейлінше осал учаскелерде іске асуы мүмкін мәнді шынайы қауіп-қатерлерді) оқиғаларды сәйкестендіру; 4) оқиғаларды | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжаттарды әзірлейді. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сәйкестендіру және тәуекел карталарын қалыптастыру жөніндегі жыл сайынғы тәуекелдерді бағалау;<br>5) бағалаудың сапалық және(немесе) сандық тәсілдерін қолдана отырып, барлық анықталған тәуекелдердің ықтималдығы мен салдарларын тұрақты түрде бағалау. Ішкі (процестің табиғатына қатысты) және қалдық тәуекелдеріне байланысты санаттар бойынша және агрегирленген негізде жеке анықталады;<br>6) мерзімдер мен жауапты орындаушыларды көрсете отырып, оның ішінде тәуекелдерді қарастыру, барынша төмендету, тәуекелдерді бөлу немесе тәуекелдерді қабылдау жөніндегі іс-шараларды қоса алғандағы тәуекелдерге ықпал ету рәсімдері;<br>7) тәуекелдерге ықпал ету жөніндегі іс-шараларды орындау мониторингі. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| 11.4.2 | Банк ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқарады және стратегияға сәйкес келетін ақпараттық технологиялар жобалары бойынша тәуекелді басқару әдіснамасын әзірлейді және мыналарды қосады,бірақ онымен шектелмейді:<br>1) жобаларды жоспарлау тәртібін;<br>2) ресурстарды бағалау тәртібін;<br>3) мақсаткерлік қорытындысын анықтау тәртібін;<br>4) жобаларға қатысушылармен келісу тәртібін; | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжаттарды әзірлейді. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 5) кезеңдер бойынша қорытындыларды бақылау тәртібін;<br>6) тестілеуді жоспарлау тәртібін;<br>7) тест қорытындысы туралы есепті қалыптастыруды;<br>8) енгізгеннен кейін жоба қорытындыларына талдау жүргізу. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| 11.4.3 | Банк мыналарды ашып көрсететін ақпараттық технологияларларды дамыту бөлігі бойынша банк стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді, бірақ онымен шектелмейді:<br>ресурстардағы қажеттілікті анықтау, оның ішінде ақпараттық технологияларларды дамытуға байланысты бюджетті анықтау;<br>мерзімдерді және оларды іске асыруға жауап беретіндерді көрсете отырып, ақпараттық технологиялар саласындағы талап етілетін іс-шараларды сипаттау. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк стратегиясы негізінде ақпараттық технологиялар бөлімшесі ақпараттық технологияларды дамыту бөлігі бойынша банк стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жыл сайынғы жоспарын әзірлейді және ақпараттық технологияларды дамыту бөлігі бойынша банк стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жыл сайынғы жоспарын Басқармада бекітеді.<br>Банктің ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшесі немесе банктің ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты қызметкері іс-шаралар жоспарын әзірлеу процесіне қатысу барысында:<br>ақпараттық жүйелер мен ақпараттық технологияларлармен байланысты болуы мүмкін тәуекелдерді анықтау бойынша талдау жасайды;<br>қажет болған кезде ақпараттық технологияларларды дамыту бөлігінде банк стратегиясын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын түзетуге ұсынымдар әзірлейді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11.5 | Банк мыналарды анықтайтын тәртіп белгілеуді қосатын, бірақ онымен шектелмейтін басқару ақпараты жүйесінің болуын қамтамасыз етеді: тиісті алушыларға ақпаратты жеткізетін және әр түрлі алушыларға, жауапты тұлғаларға/бөлімшелерге ұсынылатын банктің ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жөніндегі критерийлерді, құрамды және есептіліктің жиілігін. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжатты әзірлейді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| | Банк мынадай ақпаратты енгізетін, бірақ онымен шектелмейтін басқару есептілігінің нысандарын әзірлейді: ақпараттық технологиялар тәуекелдерінің ішкі оқиғалары туралы; тәуекелдерді бағалау қорытындысы және тәуекелдер карталарын қалыптастыру; ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шараларды орындау мониторингінің қорытындысы туралы; аудиторлық тексерулер қорытындысы туралы - бар болса. Банк мынадай ақпаратты енгізетін, бірақ онымен шектелмейтін басқару есептілігінің нысандарын әзірлейді: ақпараттық технологиялар тәуекелдерінің ішкі оқиғалары туралы; тәуекелдерді бағалау қорытындысы және тәуекелдер карталарын қалыптастыру; ақпараттық технологиялар тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шараларды орындау мониторингінің | Банктің | Банк ішкі құжатқа сәйкес тиісті алушыларға ақпаратты жеткізеді. Банк ішкі құжатты әзірлеу кезінде ақпараттың банктің директорлар кеңесіне, УАО және банк басқармасына | банктің директорлар кеңесіне, УАО, банктің басқармасына ақпарат | жылы кем ем |
| | | | | ақпарат технологиялары тәуекелдерін басқару жөнінідегі бөлімшеге ақпарат (ақпарат технологиялары тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыру және үйлестіру мәселелері бойынша жауапты қызметкері) | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11.5.1 | қорытындысы туралы; аудиторлық тексерулер қорытындысы туралы - бар болса. | директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | осы тармақтың талаптарына сәйкес толық көлемде ұсынылуын анықтайды. | | тоқса<br>реттен |
| 12. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелін басқару ерекшеліктері | | | | | |
| 12.1 | Банк сыртқы операциялық ортаға, стратегияға, ұйымдық құрылымға, мөлшеріне, сипатына және банк операциясының күрделілік деңгейіне сәйкес келетін ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді және банктің және(немесе) үшінші тұлғалардың тарапынан қасақана бұзу үшін ықпал ету салдарынан туындаған ақпараттық активтердің бүтіндігінің, конфиденциалдылығының және қол жетімділігінің бұзылуына байланысты банк қызметіндегі тәуекелдерді барынша төмендетуге бағыттайды. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесіне мыналар кіреді, бірақ онымен шектелмейді :<br>1) ақпараттық қауіпсіздік | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесін ұйымдастыру кезінде банктің жұмыс істеп отырған сыртқы операциялық ортасын талдайды, стратегиясын, банктің ұйымдық құрылымын қарайды, банк операцияларының мөлшерін, сипатын, күрделілік деңгейін бағалайды және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесінің құрамдас бөліктерін | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәуекелдерін басқару саясаты; 2) ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару рәсімдері; 3) ақпаратық басқару жүйесі; 4) ішкі бақылау; 5) ішкі аудит бөлімшесінің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесінің тиімділігін бағалауы. | | қамтушы ішкі құжаттарды әзірлейді. | - | |
| 12.2 | Банк ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесінің мынадай қатысушыларын анықтайды (бірақ олармен шектелмейді): ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесінің тәуекелдерін басқару жөніндегі бөлімшесі немесе банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару процесін ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты қызметкер; ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжаттарды әзірлейді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| | Банк мынадай функцияларды атқару үшін банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшесін құрады немесе банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару процесін ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты қызметкерді тағайындайды: ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесін әзірлеу, енгізу және тұрақты дамыту; ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару рәсімдерін әзірлеу; банктің ақпараттық қауіпсіздікті дамыту бөлігіндегі стратегиясын | | Банк банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12.2.1 | іске асыру іс-шаралар жоспарларын әзірлеуге қатысу;<br>ақпараттық қауіпсіздік саласындағы процестерді талдау;<br>ақпараттық қауіпсіздік тәуекелінің мониторингі және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері деңгейін бағалау;<br>ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша банктің құрылымдық бөлімшелерімен өзара қарым-қатынас жасау және кеңес беру;<br>ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін өзіндік бағалау қорытындыларын өткізуді жоспарлау және талдау;<br>тәуекелдердің карталарын әзірлеу және қалыптастыру;<br>ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерінің оқиғалары туралы жиынтық есептілікті қалыптастыруды жүзеге асыру және оларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау мониторингі;<br>ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жөніндегі есептілікті немесе өзге ақпаратты қалыптастыру және оны Директорлар кеңесіне, УКО және/немесе банк Басқармасына ұсыну;<br>ішкі аудитпен өзара қарым-қатынас. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшесін құру кезінде немесе банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты қызметкерді тағайындау кезінде ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшені немесе банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты қызметкерді банктің ақпараттық технологиялар жөніндегі құрылымдық бөлімшелерінен және ақпараттық қауіпсіздік бөлімшелерінен тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| | Банк мынадай функцияларды атқаратын, бірақ онымен шектелмейтін ақпараттық қауіпсіздік құрылымдық бөлімшелерін құрады:<br>ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жөніндегі рәсімдерді іске | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12.2.2 | асыратын;<br>тәуекелдер картасында көрсетілген ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқаруға бағытталған іс-шаралар жоспарларын әзірлеу;<br>ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы процестерді анықтау. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжаттарды әзірлейді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| 12.3 | Банк мыналар енгізілетін, бірақ онымен шектелмейтін ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жөніндегі саясат әзірлейді:<br>ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқарудың мақсаты, міндеттері және принциптері;<br>ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқарудың негізгі салалары (тәуекелді бейімдеу тәсілі);<br>ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесіне қатысушыларды, олардың өкілеттіктерін, есептілік құрылымын нақты анықтау арқылы жауапкершіліктерін айқындау;<br>ақпараттық қауіпсіздіктің әлеуетті бұзушыларының қауіптерінің және моделдерінің негізгі түрлері;<br>ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқарудың тәртібі мен рәсімдері. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару саясатын әзірлеу кезінде мыналарды ескереді, бірақ олармен шектелмейді:<br>банк қызметінің барлық түрлерін;<br>банк қызметінің ерекшеліктерін, мөлшерін, сипатын және күрделілік деңгейін;<br>банктің ұйымдық құрылымын;<br>Қазақстан Республикасының заңнамасын. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| | Банк ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін анықтайды, өлшем жасайды және мониторинг және бақылау жүргізеді | | Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері рәсімдерін әзірлеу кезінде банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшесі немесе банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты қызметкер мынадай факторларды ескереді, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12.4 | және мыналарды әзірлейді (бірақ олармен шектелмейді): 1) ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері рәсімдерін анықтайтын ішкі құжат; 2) тәуекелдер картасында көрсетілген ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқаруға бағытталған іс-шаралар жоспары. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | бірақ олармен шектелмейді : 1) банк бизнесінің мөлшерін, сипатын және күрделілігін; 2) ақпараттық жүйенің, технологиялардың жай-күйін және олардың мүмкіндіктерін; 3) ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару процесіне қамтылған қызметкерлердің біліктілігін және тәжірибесін; 4) Қазақстан Республикасының заңнамасын. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| 12.4.1 | Банк ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқарады және тәртіпті анықтайтын мынадай ішкі құжаттарды әзірлейді: ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін анықтау, өлшем жасау, бақылау және мониторинг жүргізу; ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерінің ішкі оқиғалары туралы мәліметтерді жинау, тіркеу және сақтау; банктің және оның иеленушілерінің активтер тобын, сыни ақпараттық жүйесін сәйкестендіру және жіктеу; сыни ақпараттық жүйенің активтер тобына қатысты әлеуеттік қауіпті анықтау; қауіп-қатердің болу ықтималдығын өсіретін осалдықтарды сәйкестендіру; ақпараттық активтер мен ресурстардың конфиденциалдылығының, бүтіндігінің және қол жетімділігінің бұзылу салдарларын болжау; тәуекелдер мен тәуекелдер картасын қалыптастыруды жыл сайын бағалау; бағалаудың сапалық және/ | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжатты әзірлейді. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | немесе сандық әдістерін қолдана отырып, барлық анықталған тәуекелдердің болжалдығы мен салдарларын тұрақты бағалау. Мерзімі мен жауапты орындаушыларын көрсете отырып, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін қабылдау немесе бөлу, барынша төмендету, оның ішінде тәуекелдер барысындағы іс-шараларды қоса алатын ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдеріне ықпал ету; ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдеріне ықпал ететін іс-шараларды орындау мониторингі. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| 12.4.2 | Банк тәуекел карталарында көрсетілген және кем дегенде мыналарды ашатын тәуекелдерді басқаруға бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлейді: ресурстардағы, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқаруға байланысты бюджетті айқындау жөніндегі қажеттілікті анықтау; ақпараттық қауіпсіздік саласындағы талап етілетін іс-шараларды оларды іске асыру мерзімдері мен жауапты орындаушыларды көрсете отырып, сипаттау. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері картасы негізінде сәйкестендірілген тәуекелдерді басқаруға бағытталған жыл сайынғы іс-шаралар жоспарларын әзірлейді және оны банктің Басқармасы бекітеді. Банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшесі немесе банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты қызметкер іс-шаралар жоспарларын әзірлеу процесіне қатысу барысында: ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару іс-шараларының жеткіліктілігіне, қажетті ресурстарға және оларды іске асыру мерзімдеріне талдау жасайды; қажет болған кезде тәуекел карталарында көрсетілген ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқаруға | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бағытталған іс-шаралар жоспарларын түзету жөніндегі ұсынымдарды әзірлейді. | Банктің ішкі құжаттары | |
| 12. 5 | Банк мыналарды анықтайтын, бірақ онымен шектелмейтін тәртіпті белгілеуші ақпаратты басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді: ақпаратты әзірлеу және ақпаратты тиісті алушыларға жеткізу үшін түрлі алушыларға, жауапты тұлғаларға/ бөлімшелерге ұсынылатын банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жөніндегі критерийлері, құрамы және есептіліктің жиілігі. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжатты әзірлейді. | Банктің ішкі құжаттары | - |
| 12.5.1 | Банк құрамында мынадай ақпарат болатын, бірақ онымен шектелмейтін есептілікті басқару нысандарын әзірлейді: ақпараттық қауіпсіздіктің ішкі инциденттері туралы; тәуекелдерді бағалау қорытындысы және ақпараттық қауіпсіздіктің қалыптасқан тәуекелдер картасы туралы; ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларын орындау мониторингі қорытындысы туралы; аудиторлық тексеру қорытындылары туралы - бар болса. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк тиісті ішкі құжатқа сәйкес ақпаратты тиісті алушыларға жеткізеді. Банк ішкі құжатты әзірлеу кезінде ақпараттың банктің директорлар кеңесіне, УКО және банктің басқармасына толық көлемде осы тармақтың талаптарына сәйкес ұсынылуын анықтайды. | банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасына ақпарат | жылы кем ем |
| | | | | ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жөніндегі бөлімшеге ( банктің ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару процесін ұйымдастыру және үйлестіру мәселелері бойынша банктің жауапты қызметкеріне) | тоқса реттен |
| 13. Комплаенс-тәуекелді басқару ерекшеліктері | | | | | |
| | Банк ағымдағы нарықтық жағдайға, банктің стратегиясына, банк операциясының мөлшеріне , күрделілік деңгейіне сәйкес келетін комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. Комплаенс-тәуекелді | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 13.1 | басқару жүйесіне мыналар енеді, бірақ онымен шектелмейді:<br>1) комплаенс-тәуекелді басқару саясаты;<br>2) комплаенс-тәуекелді басқару рәсімдері;<br>3) банктік қызметтерді көрсетуден, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қаржы құралдары немесе қаржы активтері болып табылмайтын және кімнен болмасын талап ету құқығы жоқ криптография және (немесе) компьютерлік есептеу құралдарын қолдана отырып орталықтандырылмаған ақпараттық жүйеде құрылатын және есепке алынатын шамалармен байланысты операцияларды жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімдер қабылдау тәртібі және рәсімдері;<br>4) ішкі бақылау;<br>5) ішкі аудит бөлімшесінің комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің тиімділігіне баға беруі.<br>Комплаенс-тәуекелді басқару жүйесі қорғаудың үш желісіне негізделеді:<br>1) банктің барлық қызметкерлері;<br>2) комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімше;<br>3) ішкі аудит бөлімшесінің комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалауы. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк комплаенс-тәуекелді басқару жүйесін ұйымдастыру кезінде ағымдағы нарықтық жағдайды талдайды, банктің стратегиясын қарайды, банк операцияларының мөлшерін, күрделілік деңгейін бағалайды және комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің компоненттерін қамтитын ішкі құжаттарды әзірлейді. | - | - |
| | Банк мыналарды енгізетін, бірақ олармен шектелмейтін комплаенс-тәуекелді басқару саясатын әзірлейді:<br>1) комплаенс-тәуекелді | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 13.1.1 | басқарудың мақсаты мен міндеттері;<br>2) комплаенс-тәуекелді басқару принциптері, оның ішінде банктегі комплаенс-мәдениетті құру принциптері (банктің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, банк қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамасының және банктің қызметін реттейтін ішкі құжаттардың талаптарын сақтау мәдениеті);<br>3) комплаенс-тәуекелді басқарудың тәртібі, оның ішінде бейімделген тәуекел тәсіліне негізделген тәсілдері мен рәсімдері;<br>4) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру процесіне немесе өзге қылмыстық қызметке (қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) тәуекелі, және терроризмді қаржыландыру) банкті тәуекелдерге қасақана тарту немесе қасақана тартпау арқылы басқару тәртібі, тәсілдері мен рәсімдері;<br>5) үш жүйелі қорғаныс негізіндегі өкілеттіктері, есептілік құрылымын нақты айқындап, жауапкершілік алған комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің қатысушылары;<br>6) бас комплаенс-бақылаушының, комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімше басшысының өкілеттіктері мен жауапкершіліктері; | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк комплаенс-тәуекелді басқару саясатын әзірлеу кезінде мынадай факторларды ескереді, бірақ онымен шектелмейді:<br>банктің стратегиясын және банкті комплаенс-тәуекелге ұшырататын қызмет түрлерін;<br>банктің шекті тәуекел деңгейі;<br>банк бизнесінің мөлшері, сипаты және күрделілігі;<br>банктің ұйымдық құрылымының күрделілігі;<br>банк қызметіне тән тәуекелдер деңгейі және түрлері;<br>банк бұрын қолданған комплаенс-тәуекелді басқару рәсімдерінің тиімділігі;<br>нарықтық талаптардың кез-келген әлеуетті ішкі ұйымдастырушылық өзгерістеріне және (немесе) сыртқы өзгерістерге қатысты күтулер;<br>банктің қызмет көрсетуі және қаржы нарығында операциялар жасау жөніндегі мәселелерді реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы, сондай-ақ банк қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасы. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 7) комплаенс-бақылау бойынша бөлімше қызметкерлерінің кәсіби сапасына қоятын талаптары;<br>8) комплаенс-тәуекелді басқару жүйесіне қатысушылардың арасындағы өзара қарым-қатынас және ақпарат алмасу тәртібі. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| 13.1.2 | Банк комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің қатысушыларын қорғаныстың үш желісі негізінде анықтайды. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Қорғаныстың бірінші желісін банктің барлық қызметкерлері қамтамасыз етеді.<br>Құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері банкте комплаенс-тәуекелдің туындауына алып келуі мүмкін бұзушылықтар ( кемшіліктер, оқиғалар, мәмілелер) туралы ақпаратты комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімшеге уақтылы жеткізуге жауапты болады.<br>Құрылымдық бөлімшелердің басшылары құрылымдық бөлімшелерде комплаенс-тәуекелді басқаруды ұйымдастыру және жүзеге асыру, оның ішінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға жауапты болады.<br>Қорғаныстың екінші желісін комплаенс-бақылау бөлімшесі қамтамасыз етеді.<br>Қорғаныстың екінші желісінің жекелеген функцияларына банктің ішкі құжаттарына сәйкес мүдделер қайшылығы болмаған жағдайда банктің өзге құрылымдық бөлімшесі құқылы болуы мүмкін.<br>Комплаенс-бақылау | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бөлімшесінің басшысы комплаенс-бақылау бөлімшесінің қызметі үшін жауап береді. Қорғаныстың үшінші желісін ішкі аудит бөлімшесі комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалау арқылы қамтамасыз етеді. | Банктің ішкі құжаттары | |
| 13.1.2.1 | Банк оның басқармасының мүшесі болып табылатын, бизнес-бөлімшелерді басқаруға байланысты функцияларды жүзеге асырмайтын немесе директорлар кеңесіне тікелей есепті (банк басқармасының Төрағасы) банктің бизнес-бөлімшесіне тікелей жетекшілік жасамайтын адамды комплаенс-тәуекелді басқаруды ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты қызметкер ретінде тағайындайды (Бас комплаенс-бақылаушы). Бас комплаенс-бақылаушы комплаенс-бақылау бойынша бөлімше басшысы функциясын қоса атқара алады. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Бас комплаенс-бақылаушы кезеңдік негізде банк басқармасының Төрағасын және банктің басқармасын анықталған комплаенс-тәуекелдер туралы, банктің және (немесе) оның қызметкерлерінің комплаенс-тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша банктің ішкі құжаттарының талаптарын бұзушылықтары немесе сақтамаулары туралы ақпаратты қоса алғанда, банктегі комплаенс-тәуекелдерді басқару жүйесінің жай-күйі туралы хабардар етіп отырады.<br>Банк басқармасының Төрағасы және банк басқармасы комплаенс-бақылау процесінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамаған жағдайда Бас комплаенс-бақылаушы банктің директорлар кеңесіне өтініш жасайды. | Директорлар кеңесінің хаттамасы/ шешімі | - |
| | Банк мынадай функцияларды жүзеге асыратын, бірақ онымен шектелмейтін комплаенс-тәуекел бөлімшесін құрады: банктің комплаенс-тәуекелін, оның ішінде шоғырландырылған негізде анықтау, өлшем | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жасау, мониторинг және бақылау тәртібін, тәсілдерін және рәсімдерін әзірлеу; комплаенс-бақылау бөлімшесінің жоспарлап отырған қызметін айқындайтын комплаенс-бағдарлама (жоспарды) қалыптастыру, оның ішінде: 1) банктің тиісті саясаты мен рәсімдерін енгізуді және (немесе) тексеруді жүзеге асыру бойынша; 2) банктің комплаенс-тәуекелге ұшырау дәрежесін анықтау мақсатында банктің қызмет көрсетуі қаржы нарығында және операциялар жасауы жөніндегі мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ банк қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасын сақтауын кезеңдік тексеруді (тоқсанына 1 реттен кем емес) жүзеге асыру бойынша; 3) комплаенс-тәуекелді басқару мәселелері бойынша қызметкерлерді оқыту бойынша; банктің комплаенс-тәуекелін басқаруға банк басқармасының көмектесуі; Банк қызметінің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуіне мониторинг жүргізу; банк клиенттерінің шағым талаптарын (өтініштерін) қарау жөніндегі банк жұмысының ұйымдастырылуына | | Комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімше комплаенс-бақылауды әзірлеуге, жүзеге асыруға және банктің комплаенс-тәуекелді басқару жөніндегі қызметін үйлестіруге жауапты болып табылады. Комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімше қорғаныстың бірінші желісін құрайтын банктің құрылымдық бөлімшесінің қандай да бір қызметіне тәуелсіз банктің құрылымдық бөлімшесі | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 13.1.2.2 | бақылау жасау; банкке қолданылатын және комплаенс-тәуекелді басқаруға қатысы бар, оның ішінде оларға енгізілген соңғы өзгерістер туралы заңдар, қағидалар және стандарттар туралы банк басшылығына және қызметкерлеріне кеңестер беру; банктің қаржы нарығында қызмет көрсету және операциялар жүргізу тәртібін реттейтін банктің ішкі құжаттарының талаптарымен банктің барлық қызметкерлерін таныстыру жөніндегі банктегі жұмысты ұйымдастыруды бақылау; комплаенс-бақылау мәселелері бойынша банк қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру; комплаенс-тәуекелді басқару, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдері мәселелері бойынша банктің еншілес ұйымдарының қызметін үйлестіру; жаңа банктік өнімдер және қызметтер енгізу процесіне міндетті түрде қатысу; инсайдерлік және конфиденциалды ақпаратты пайдалануды бақылау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру; мүдделер қайшылықтарын анықтау, бағалау және бақылау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру; жеке өзі немесе банктің құрылымдық бөлімшелерімен және | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | болып табылады. Тәуелсіздік мынадай факторлармен қамтамасыз етіледі: комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімшеде дербес құрылымдық бөлімшенің ресми мәртебесі бар; комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімшені Бас комплаенс-бақылаушыға есепті басшы басқарады; комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімшенің қызметкерлері банктің өзге бөлімшелеріндегі қызметті қоса атқара алмайды; комплаенс-бақылау бойынша бөлімшенің басшысы және қызметкерлері комплаенс-тәуекелді басқару жөніндегі және оған жүктелген кез-келген басқа міндеттер арасында мүдделер қайшылығы пайда болатын жағдайда қалмауы тиіс; комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімшенің қызметкерлері өз құзыреттері аясында банктің құрылымдық бөлімшелерінен, еншілес ұйымдарынан кез-келген ақпаратты талап етуге және банктің және оның еншілес ұйымдарының кез-келген қызметкерін комплаенс-бақылау функциясын орындауға ықпал етуге тартуға құқылы. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | лауазымды тұлғаларымен бірге комплаенс-тәуекелді басқаруға байланысты банк жұмысындағы анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөнінде ұсынымдар әзірлеу және тиісті ақпаратты банктің директорлар кеңесіне ( УАО,банк басқармасына) ұсыну;<br>банктің және оның қызметкерлерінің комплаенс-тәуекелді басқару саясатын және рәсімдерін сақтау мониторингі;<br>комплаенс-тәуекел бойынша есептілік жүйесін әзірлеу және енгізу және банктің директорлар кеңесіне ( УАО,банк басқармасына) кезеңдік негізде банктің комплаенс-тәуекелді басқару мәселелері жөнінде ақпарат ұсыну;<br>банктің құрылымдық бөлімшелерімен, оның ішінде ішкі аудит бөлімшесімен комплаенс-тәуекелді басқару жұмысын үйлестіру және өзара іс-қимыл жасау тәртібін әзірлеу. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| | Банк комплаенс-тәуекелді анықтайды, өлшем жасайды, мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады және мыналар енгізілетін, бірақ олармен шектелмейтін комплаенс-тәуекелді басқару рәсімдерін әзірлейді:<br>комплаенс-тәуекелді басқару, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдері | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 13.1.3 | мәселелері бойынша ішкі құжаттарды дайындау арқылы банк қызметкерлері үшін ішкі нұқсауларды (нұсқаулықтарды) әзірлеу; банктің және оның қызметкерлерінің комплаенс-тәуекелді басқару саясаты мен рәсімдерін сақтау мониторингі; комплаенс-тәуекел оқиғалары туралы деректер жинау; комплаенс-тәуекелдің болу мәніне орай банктің немесе оның қызметкерлерінің іс-қимылдарына клиенттердің (қарсы агенттердің) шағымдарын (өтініштерін) талдау және оны жою (алдын алу) бойынша шаралар қабылдау; банктің комплаенс-тәуекелге ұшырау дәрежесін сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді әзірлеу және талдау; жеке өзі немесе банктің құрылымдық бөлімшелермен және (немесе) лауазымды тұлғаларымен бірге банктің ішкі құжатымен анықталатын тәртіпке сәйкес банк қызметкерлерінің банктің қызмет көрсетуі және қаржы нарығында операциялар жасауы жөніндегі мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ банк қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасын бұзу фактілеріне зерттеулер (тексерулер) жүргізуі; банктің нақты | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк комплаенс-тәуекелге мониторинг жасау және бақылауды анықтау, өлшем жасауды әзірлеу кезінде мынадай факторларды ескереді, бірақ онымен шектелмейді:<br>1) банк бизнесінің мөлшері, сипаты және күрделілігі;<br>2) бастапқы ақпарат ретінде пайдалану үшін деректердің қолжетімділігі;<br>3) ақпараттық жүйенің жай-күйі және оның мүмкіндіктері;<br>4) комплаенс-тәуекелді басқару процесіне қамтылған қызметкерлердің біліктілігі мен тәжірибесі. | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | операциясының ( мәмілесінің) немесе оның бөлігінің банк қызметкерлерінің банктің қызмет көрсетуі және қаржы нарығында операциялар жасауы жөніндегі мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ банк қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкес келуіне қатысты сұратулар бойынша кеңестер беру. | | | Банктің ішкі құжаттары | |
| 13.1.4 | Банк оның клиенттерінің шағымдарын (өтініштерін) қарау жөніндегі банк жұмысының ұйымдастырылуын бақылауды жүзеге асырады. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банктің комплаенс-бақылау жөніндегі бөлімшесі банк клиенттерінің шағымдарын (өтініштерін) қарау жөніндегі банктің жұмысын ұйымдастыруға бақылау жасау мақсатында:<br>клиенттерінің шағымдарының ( өтініштерінің) болу себебін анықтау және жою үшін келіп түсіп жатқан клиенттер шағымдарын ( өтініштерін) жүйелі түрде талдайды және кезеңдік негізде олардың қорытындыларын банктің директорлар кеңесіне (УАО , банктің басқармасына) ұсынады;<br>банк жұмысында, оның ішінде банк қызметіндегі кемшіліктерді анықтау қорытындысы бойынша банктің ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде және (немесе) банктің комплаенс-тәуекелге ұшырау дәрежесіне және банктің беделіне ықпал ететін талаптар туындаған жағдайдағы бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөнінде ұсынымдар әзірлейді;<br>клиенттерінің шағымдарын | Банктің директорлар кеңесінің Хаттамасы/ Шешімі | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | (өтініштерін) талдау қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша бақылауды жүзеге асырады және банктің директорлар кеңесіне (УАО,банктің басқармасына) тиісті ақпарат ұсынады. | | |
| 13.1.5 | Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатындағы банктің тәуекелдерді басқару және қаржы мониторингін жүзеге асыру тәртібін реттейтін ішкі құжаттарды әзірлейді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару тәртібі, тәсілдері және рәсімдері банк қызметінің ұйымдық құрылымына, ерекшеліктеріне, сипатына және оның күрделілік деңгейіне, банктің клиенттік базасының ауқымына және құрылымына, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарына сәйкес келеді. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатындағы банктің тәуекелдерді басқару және қаржы мониторингін жүзеге асыру жөніндегі ішкі құжаттарын әзірлеу және іске асыру бойынша негізгі принциптері мыналарды қамтамасыз ету болып табылады: банк қызметкерлерінің ( олардың құзыреті шегінде) тәуекел-бейімделген тәсіл негізінде клиенттерді сәйкестендіру және зерттеуді (тиісінше тексеруді) жүзеге асыруы; | | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | банк қызметкерлерінің ( олардың құзыреті шегінде) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мақсатында (күмәнді операциялар) қаржылық мониторинг жасалуы тиіс операцияларды, сондай-ақ олардың жасалғандығына ( жасау әрекеті) қатысты күмән туындайтын операцияларды анықтауы. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша банктің жауапты құрылымдық бөлімшелеріне қаржы мониторингін жүзеге асыру тәртібін реттейтін банктің ішкі құжаттары шектеулі рұқсат берілетін құжаттар болып табылады. | Банктің ішкі құжаттары | |
| | Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) | | Банктің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі мыналарды: енгізілетін өзгерістерін ( толықтыруларын) қоса алғанда, банк клиенттерінің және олармен байланысты адамдардың саулнамаларын жүргізуді; клиентке тиесілі шоттарды және клиенттің өзі жасайтын не оның пайдасына жасалатын операцияларды анықтауды; банктегі қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау нәтижелерін ескере отырып , клиенттің тәуекел деңгейін белгілеуді және сигналдарды (дабылдарды) | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 13.1.5.1 | және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында автоматтандырылған ақпараттық жүйені және қаржы мониторингі жасалуы тиіс операцияларды, оның ішінде күмәнді операцияларды анықтауға мүмкіндік беретін рәсімдерді пайдаланады, және тиісті мәліметтер мен ақпаратты ҚМК-не уақтылы жіберіп отыру үшін пайдаланады. Автоматтандырылған ақпараттық жүйеде мыналар болады (бірақ олармен шектелмейді): терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесі; тәуекелдерді бағалау Бағдарламасына сәйкес клиенттер тәуекелдерінің деңгейлерін анықтау үшін қажетті критерийлер мен көрсеткіштер; қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдеріне бағалау жүргізу үшін кіріс (шығыс ) деректері және ақпараттық дереккөздер; тәуекелдерді бағалау Бағдарламасына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдеріне бағалау жүргізудің алгоритмі ( моделі). | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | басқаруды қоса алғанда, ақпаратты біріктіруді ( клиенттер, өнімдер ( қызметтер), уақыт кезеңдері, ақпараттық байланыстың болуы бойынша); шекті сомалары бойынша қаржы мониторингіне жататын операцияларды, банктегі қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау нәтижелерін, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға ) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, алдын ала белгіленген критерийлер ( сценарийлер) бойынша ұқсамайтын және күмәнді операцияларды анықтауды; ҚМК-ге жіберілген хабарламаларды клиенттердің атаулары, шекті сомалары, операциялардың түрлері, операцияларларды жүргізу күндері мен басқа да критерийлер бойынша сүзгіден өткізуді; банктің дерекқорынан клиенттердің анкеталары, жүргізілген операциялар, ҚМК-ге жіберілген хабарламалар бойынша ақпаратты алып тастау мүмкіндігі болмауын; қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға ) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға ) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жүргізу мақсатында қаржы мониторингін жүзеге асыру мәселелері бойынша банктің ішкі құжаттарының талаптарын іске асыруды; резервтік көшірме жасау және ақпаратты сақтау жүйесінің болуын; әрбір пайдаланушының модификациядан қорғалған жұмысының хаттамасын жүргізуді қамтамасыз етеді. | - | |
| | Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыру мақсатында, Тәуекелдерді бағалау бағдарламасын әзірлейді:<br>1) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл тұрғысынан оның құрылымдық бөлімшелері бөлігінде банктің тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыру тәртібін;<br>2) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру үшін клиенттердің тәуекелдерін (қызмет көрсетудің барлық кезеңдерінде) және банктің қызметін пайдалану тәуекелдерін бағалау ерекшеліктерін ескере отырып, клиенттерге қызмет көрсету барысында банк қызметінің барлық бағыттары бойынша | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметкерлердің құрылымын және функционалдық міндеттерін анықтауды ( тәуекелге бағытталған тәсіл ); 2) клиент тәуекелінің деңгейіне; банк өнімдерінің ( қызметтерінің) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдеріне ұшырау деңгейіне қатысты тәуекелдің негізгі құрамдас бөлігін ( клиенттің түрі, қызметтің тәуекелі және географиялық тәуекел бойынша) ескере отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау әдістемесін; 3) клиент тәуекеліне және банк өнімдерінің ( қызметтерінің): а) ескерту іс-шараларының (тиісті іс-шаралардың) тізбесін, оларды жүзгізу тәртібі мен мерзімдерін, қабылданған шараларға сәйкес нәтижелерді бақылауды; б) Тәуекелдерді бағалау бағдарламасын тәжірибе жүзінде іске асыруға қатысты қызметкерлерді оқытуды жүргізу тәртібін көздейтін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдеріне ұшырау деңгейіне мониторинг жүргізуді, талдауды және бақылауды жүзеге асыру ( тоқсанына 1 реттен сирек | | | | |
| 13.1.5.2 | | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару мақсатында Тәуекелдерді бағалау бағдарламасын пайдаланады. | Банктің ішкі құжаттары | - |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | емес) тәртібін; 4) клиенттердің тәуекелдері деңгейлерін қайта қарау үшін иемдену тәртібін, мерзімдері мен негіздемесін; 5) банк басшылығы ( дамыту стратегияларын анықтау, жаңа өнімдерді ( қызметтерді) енгізу, қызметкерлерді оқыту, тәуекелдерді барынша азайту бойынша қабылданған шешімдерді іс жүзінде іске асыру кезінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін барынша азайту бойынша іс-шаралар) шешімдер қабылдау кезінде банк өнімдерінің (қызметтерінің ) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдеріне ұшырау деңгейі бөлігінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау нәтижелерін тіркеу және есепке алу тәртібін; 6) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау нәтижелерін ішкі аудит бөлімшесі және/немесе уәкілетті орган жүргізген қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша банктің тексерулері нәтижелерімен салыстыру арқылы Тәуекелдерді бағалау бағдарламасының тиімділігін тексеру (жылына 1 реттен сирек емес) тәртібін қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін Тәуекелдерді бағалау бағдарламасын әзірлейді. | | | | |
| 13.1.6 | Банк:<br>әртүрлі алушыларға ұсынылатын комплаенс-тәуекелді басқару бойынша есептіліктің критерийін, құрамын және жиілігін, ақпаратты дайындауға және оны тиісті алушыларға жеткізуге жауапты адамдарды/бөлімшелерді анықтайтын тәртіпті белгілеуді қамтитын, бірақ онымен шектелмейтін басқару ақпараты жүйесінің болуын қамтамасыз етеді. | Банктің директорлар кеңесі, УАО, банктің басқармасы | Банк ішкі құжатты әзірлейді. | Банктің ішкі құжаты | - |
| | Банк:<br>анықталған комплаенс-тәуекелдер туралы, бұзушылықтар немесе банк және/немесе оның қызметкерлері банктің қызмет көрсету және қаржы нарығында операцияларды жүргізу мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ банктің қызметіне ықпал ететін шетел мемлекеттерінің заңнамасын, банктің комплаенс-тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша ішкі құжаттарын сақтамауы туралы; банктің немесе оның қызметкерлерінің комплаенс-тәуекел болу | | | банктің директорлар кеңесі, УАО-ға ақпарат | тоқса реттен |
| | | | | банктің басқармасына ақпарат | айына кем ем |
| | | | | | |

| | | | | |
